

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ДАҒДЫЛАРДЫҢ
СҰРАНЫСЫН БОЛЖАУ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ
ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
2 -КЕЗЕҢІ

Қазақстан

Түлектерге арналған сауалнама

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП

2024 жылғы қазан

Сауалнама/зерттеу атауы: Түлектерге арналған сауалнама	
Ел/аймақ: Қазақстан/Орталық Азия	Ел бойынша жетекші сарапшы: Ина Питчманн
Мәлімет жиналған кезең: 2024 жылғы маусым – 2024 жылғы қыркүйек	Жауапты тұлғалар және байланыс мәліметтері: - Оқу-ағарту министрі: Алгазинова Каламкас Мағауовна - TALDAU: Қусаинова Айгуль Джамбуловна, ksainova.a@iae.kz TALAP: Нигметжанова Марал Кудайбергеновна, alunur-07@mail.ru және Тлеубергенова Акнур Жұмагатовна

Алғыс сөз

Еуропалық білім қоры түлектер арасында пилоттық сауалнама/зерттеу жүргізуге және осы есепті дайындауға теңдессіз үлес қосқан әріптестер мен ұйымдарға шын жүректен алғыс білдіреді. Ерекше алғысымызды Оқу-ағарту министрлігі және пилоттық сауалнаманы әзірлеуде, оның нәтижелерін талдауда және ұсыныстар дайындауда берік ұстанымы, тәжірибесі, білімі мен идеяларымен айрықша жәрдемдескен Алгазинова Каламкас Мағауовнаға білдіреміз.

Сонымен қатар TALAP ұйымына, атап айтқанда, зерттеуді әзірлеу барысында көрсеткен қолдауы үшін Нигметжанова Марал Құдайбергенқызы Әлнұрға, сондай-ақ түлектермен жұмыс істеуде баға жетпес көмегі үшін Тілеубергенова Ақнұр Жұмағатовнаға ерекше алғысымызды білдіреміз.

Түлектерге арналған пилоттық сауалнаманы техникалық тұрғыдан жүзеге асыру мен деректер жинауға қолдау көрсеткені үшін TALDAU ұйымына және Құсайынова Айгүл Жамбылқызына ерекше ризашылығымызды білдіреміз.

Онымен қоса біз «Дария» жобасы бірінші модулінің республикалық фасилитаторы Айдана Тоғызбаеваның барлық мүдделі тараптар арасында ынтымақтастықты қамтамасыз етудегі еңбегін атап өткіміз келеді. Google Forms-пен жұмыс, деректерді жинау және өңдеуге көмектескен ғылыми қызметкер Назым Қасымжановаға алғысымызды білдіреміз. Зерттеу әдіснамасы, аналитикалық қорытындылар мен ұсыныстар сапасын арттырған жұмыс тобының белсенді мүшелеріне де өз пікірлері мен тәжірибелерін бөліскені үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Аббревиатуралар

DARYA	Орталық Азиядағы білікті жастарға арналған диалог және іс-қимыл
EPRD	Экономикалық саясат және өңірлік даму басқармасы
ETF	Еуропалық білім қоры
ЕО	Еуропалық одақ
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
OAM	Оқу-ағарту министрлігі
TALAP	Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту жөніндегі КЕАҚ
TALDAU	Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы
АОБ	Арнайы орта білім
ТЖКБ	Техникалық және кәсіптік білім

Мазмұны

Алғыс сөз.....	3
АББРЕВИАТУРАЛАР	4
Мазмұны	5
ҚЫСҚАША БАЯНДАМА.....	7
1. КІРІСПЕ	10
1.1. Кіріспе бөлім.....	10
1.2. Талдау есебінің міндеттері мен ауқымы	10
1.3. Есептің құрылымы	11
2. ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫ МЕН ӘДІСНАМАСЫ (ҚЫСҚАША ШОЛУ)	12
2.1. Сауалнама дизайны.....	12
2.2. Әдіснама	12
3. ДЕРЕКТЕРДІ ҰСЫНУ ЖӘНЕ СИПАТТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	14
3.1. Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігі.....	16
3.1.1. Оқу орындары бойынша ТЖКБ тиімділігі мен өзектілігі	17
3.1.2. ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін мамандық бойынша талдау ..	19
3.1.3. ТЖКБ тиімділігі мен өзектілігі, жыныс бойынша бөлініс.....	21
3.1.4. Техникалық және кәсіптік білімнің еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі	22
3.1.5. Кәсіби бағдарлаудың ТЖКБ жүйесіндегі маңыздылығы.....	24
3.1.6. Түлектердің алған білімдерімен қанағаттану деңгейі және себептерін түсіндіру	25
3.2. Оқу аяқталғаннан кейін еңбек нарығына өту	29
3.2.1. Түлектердің оқу бітіргеннен кейінгі жұмысқа орналасу мәртебесі	29
3.2.2. Дуалды оқыту бағдарламасы мен өндірістік тәжірибенің жұмысқа орналасу нәтижелеріне әсері	33
3.2.3. Түлектердің оқудан жұмысқа ауысу тәжірибесі және жұмыс іздеу әдістері.....	35
3.2.5. Кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын өту тәжірибесі және олардың маңызы туралы пікірлер.....	37
3.3. Жұмысқа орналасу.....	40
3.3.1. Түлектер меңгерген мамандықтарының олардың еңбек қызметіне сәйкестігі.....	42
3.3.2. Жұмысбастылық салалары.....	43
3.3.3. Түлектердің жұмысқа орналасу үшін орын ауыстыруы.....	46
3.3.4. Жалақы.....	47
3.3.5. Түлектердің қазіргі жұмысымен қанағаттанушылығы	51
3.4. Алған техникалық және кәсіби білімнің еңбек нарығы контекстіндегі өзектілігі. 51	
3.4.1. Түлектердің қазіргі жұмысына қатысты ТЖКБ өзектілігі	53
3.4.2. Жұмысқа орналасу және табыс тұрғысындағы ТЖКБ-ның маңыздылығы туралы түлектердің пікірі.....	55
4. ҚОРЫТЫНДЫЛАРДЫ ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН МАҢЫЗЫ	56
4.1. Негізгі қорытындыларды түсіндіру	57

4.2. Сауалнама нәтижелерінің мүдделі тараптар үшін маңызы.....	59
5. Ұсыныстар	60
5.1. Саяси ұсыныстар	60
5.2. Мүдделі тараптарға практикалық ұсыныстар	62
6. Қорытынды	64
7. Ақпарат көздері	65

Қысқаша баяндама

Осы аналитикалық есепте теміржол жүк тасымалы секторы Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) бағдарламаларының түлектері арасында жүргізілген пилоттық сауалнаманың/зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Еуропалық білім қорының (ETF) қолдауымен және жергілікті оқу орындарымен бірігіп өткізілген пилоттық зерттеу болашақта түлектер арасында осындай зерттеулерді жүргізу үшін тұрақты әдіснама мен рәсімдерді әзірлеуде алғашқы қадам болып табылады. Сауалнаманың мақсаты – ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігін, өзектілігін және олардың еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін кең ауқымда бағалауға, сондай-ақ тұрақты бағалау жүйесін әзірлеуге мүмкіндік беретін нақты деректер жинау.

Бұл пилоттық зерттеу еңбек нарығының қарқынды дамуын және экономикалық әрі технологиялық ілгерілеуге бейімделе алатын жұмыс күшіне сұраныс артып келе жатқандықтан ерекше маңызға ие. Осындай түлектер арасында жүргізілетін сауалнамалар олардың біліктілігі еңбек нарығының қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға және түлектердің еңбекке қабілеттілігін арттыру мақсатында ТЖКБ бағдарламаларында түзетуді қажет ететін салаларды айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулерді тұрақты түрде өткізу арқылы ТЖКБ саласындағы бастамалардың өзектілігі мен жеделдігін қамтамасыз етіп, түптеп келгенде, Қазақстанның жұмыс күшін дамытуға және экономикалық өсуіне ықпал етуге болады.

Сауалнаманың мақсаттары және әдіснамасы

Сауалнама 2024 жылғы маусым-қыркүйек айлары аралығында теміржол жүк тасымалына бағытталған ТЖКБ білім беру бағдарламаларын жақында (2022-2023 жылдары) тәмамдаған түлектері арасында жүргізілді. Қазақстанның 12 облысында өткізілген сауалнамалар түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері, алған білім сапасына қатысты пікірлері және ТЖКБ колледждері білім беру бағдарламаларының салалық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік берді. Бұл пилоттық жобаны тек бағалау шарасы ретінде ғана емес, сонымен қатар техникалық әлеуетті жетілдіру, деректер жинау құралдарын жасау және әдіснаманы енгізу бойынша болашақта жүйелі түрде қолданылатын маңызды үдеріс ретінде қарастыру қажет.

Негізгі қорытындылар

«Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» бағыты бойынша ТЖКБ білім беру бағдарламаларының жалпы тиімділік көрсеткіштері жоғары болғанымен, оқу орындары мен мамандықтар арасында сапалық айырмашылықтар бар. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы ТЖКБ жүйесі жалпы алғанда тиімді жұмыс істейтінін және түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Алайда ТЖКБ оқу орындары мен мамандықтар арасында сапа бойынша елеулі айырмашылықтар байқалады, бұл түлектердің қанағаттану деңгейі мен олардың жұмыспен қамтылу нәтижелеріне әсер етеді. Кейбір колледждер мен бағдарламаларды тәмамдаған түлектер, атап айтқанда «Бурабай» колледжінің түлектері Электротехникалық колледж сияқты басқа оқу орындарының түлектерімен салыстырғанда, қанағаттану деңгейі мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жағынан жоғары көрсеткіштерге ие.

Көптеген түлектер үшін оқу орнын аяқтағаннан кейін еңбек нарығына өту үдерісі сәтті өтті: ТЖКБ түлектерінің басым бөлігі (71,1%) алты ай ішінде жұмысқа орналасқан, бұл еңбек нарығына кірудің салыстырмалы түрде оңай екенін көрсетеді. ТЖКБ бағдарламалары түлектерге еңбек нарығына шығу мүмкіндігін беретін іргетас қалайды, дегенмен жұмыстың тұрақтылығы мен мансаптық өсу әлеуеті алынған біліктілікке байланысты өзгеріп отыратынын атап өту қажет.

Гендер және жұмыспен қамту нәтижелері: гендерлік тұрғыдан деректерді талдау көрсеткендей, әйел түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі ер әріптестеріне қарағанда сәл жоғарырақ, дегенмен әйел респонденттер көбінесе аз жалақы төленетін немесе тұрақтылығы төмен жұмыс орындарын иеленеді. Бұл тұжырым гендерлік теңсіздіктің мүмкін екенін және ТЖКБ аясында гендерлік кедергілер мен қолдау тетіктерін одан әрі зерттеу қажеттілігін атап көрсетеді.

Жұмыспен қамтылудың көрсеткіші жоғары, алайда алынған дағдылар еңбек нарығының талаптарына толықтай сәйкес келмейді. ТЖКБ түлектерінің басым бөлігі жұмыспен қамтылғанымен, олардың меңгерген дағдылары мен құзыреттіліктері нақты жұмыс талаптарына көбіне сай келмейді. Бұл сәйкессіздік кейбір ТЖКБ білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының нақты сұраныстарына бейімдеп, жұмыс орындарында меңгерілген дағдыларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында қайта қарау қажеттігін айқындайды.

Дуалді білім беру бағдарламалары мен өндірістік тағылымдама түлектердің еңбек нарығына дайындығын арттырады. Дуалді оқыту бағдарламаларын аяқтаған және өндірістік тағылымдамадан өткен түлектер өздерінің ТЖКБ біліктілігіне сәйкес келетін лауазымдарға жұмысқа орналасу ықтималдығының жоғары екенін атап өтті. Бұл теориялық білім мен практикалық дағдылар арасындағы алшақтықты жоюда өндірістік тәжірибенің маңыздылығын көрсетеді, соның арқасында мұндай бағдарламаларды оқыған түлектер жұмыс берушілердің көзіне жиірек түседі.

Мамандық бойынша айырмашылықтар. Әртүрлі мамандықтар тұрғысынан жұмысқа орналасу нәтижелері едәуір ерекшеленеді. Мысалы, жүк және багаж қабылдап-тапсырушы мамандығын алған түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі жоғары болған, ал орталықтандырылған станция бекетінің кезекшілері жұмыс іздеуде үлкен қиындықтарға тап болды. Осыдан кейбір ТЖКБ аясында оқытылған мамандықтар еңбек нарығының қажеттіліктеріне басқаларға қарағанда көбірек сәйкес келетіні аңғарылады.

Негізгі ұсыныстар

1. Дуалды білім беру модельдерінің тиімділігін ескере отырып, ТЖКБ мекемелеріне кәсіпорындармен ынтымақтастықты нығайтып, өндірістік оқыту мүмкіндіктерін ұлғайту ұсынылады. Бұл студенттердің болашақта жұмыс барысында тікелей қолданылатын практикалық дағдыларды игеруіне жағдай жасайды.
2. ТЖКБ бағдарламаларының техникалық жабдықталу сапасын және оқу бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін ескере отырып, стандартталған критерийлерді әзірлеу ұсынылады. Бұл білім сапасын барлық оқу орындарында бір деңгейде сақтауға мүмкіндік беріп, ТЖКБ бағдарламаларының беделін арттырып, түлектердің тұрақты жұмыспен қамтылуына жол ашады.
3. ТЖКБ оқу орындарында түлектердің еңбек нарығына сәтті бейімделуін қамтамасыз ету үшін кәсіптік бағдар беру мен жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін дамыту қажет. Сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамту маңыздылығының артуына байланысты, кәсіпкерлікке оқыту курстарын енгізу түлектердің мансаптық мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырады.
4. Түлектер арасында тұрақты зерттеулер жүргізу олардың жұмысқа орналасу нәтижелерін жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді. Бұл ТЖКБ бағдарламалары еңбек нарығының өзгерістеріне жедел бейімделуін және оған сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Осы

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

пилоттық жоба болашақ сауалнамаларға арналған тиімді үлгі ретінде танылып, ТЖКБ бағдарламаларын үздіксіз жетілдіруде және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіруде зор үлесін қоспақ.

1. Кіріспе

1.1. Кіріспе бөлім

Осы сауалнама Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесін еңбек нарығының сұранысына бағдарланған және өзгерістерге бейім жүйеге айналдыруға қажетті маңызды мәліметтерді алуға бағытталған. Бұл зерттеу ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігін бағалауға арналған нақты әдістемеге сүйене отырып, ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен негізгі мүдделі тараптарға түлектердің еңбек нарығына дайындық деңгейін анықтау құралдарын ұсынууды көздейді. Алынған нәтижелер деректерге негізделген шешімдердің маңыздылығын көрсетіп, ТЖКБ-ның еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі білім беру жүйесінің жалпы тиімділігін қалай арттыра алатынын дәлелдейді.

Бұл зерттеу TALAP және TALDAU ұйымдарымен серіктесе отырып, Еуропалық білім беру қоры (ETF)¹ жүзеге асыратын DARYA жобасының техникалық қолдауымен ұйымдастырылды және теміржол жүк тасымалы саласына арналды. Сауалнама аясында түлектердің жұмыспен қамтылуы, олардың жұмысына қанағаттану деңгейі және меңгерген дағдыларының қазіргі кәсіби міндеттеріне сәйкестігі туралы егжей-тегжейлі мәліметтер жиналды. Аталған факторларды талдау оқу орындары мен ТЖКБ бағдарламаларының қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сай келетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер ТЖКБ мекемелері мен реттеуші органдар үшін құнды ақпарат көзіне айналады, бұл жүйенің мықты тұстарын айқындап, жетілдіруді қажет ететін бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. ТЖКБ жүйесінің қазіргі артықшылықтары мен кемшіліктері туралы деректер мүдделі тараптарға оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгермелі талаптарына сай бейімдеу үшін қандай шаралар қабылдау қажет екенін көрсетеді. Осы зерттеу Қазақстанда еңбек нарығына бейімделген, икемді ТЖКБ жүйесін дамытуға ықпал етіп, түлектердің өз таңдаған салаларында сапалы білім алып, жұмыспен қамтылуына кепілдік береді.

1.2. Талдау есебінің міндеттері мен ауқымы

Бұл зерттеудің/түлектер арасында жүргізілген сауалнаманың мақсаты – теміржол жүк тасымалы саласы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) бағдарламаларының тиімділігін, нәтижелілігін және өзектілігін түлектердің пікірлері мен олардың жұмысқа орналасу нәтижелерін талдау арқылы бағалау. Зерттеу барысында түрлі ТЖКБ оқу орындарындағы кәсіби даярлық сапасындағы айырмашылықтарды айқындау және олардың бағдарламаларының студенттерді табысты еңбек жолына дайындау тиімділігін бағалау көзделді.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу келесі талдамалық міндеттерді көздейді. Біріншіден, ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі түлектердің оқуын аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасу мерзімдерін және оқу барысында пайдаланылған ресурстарды қол жеткізілген нәтижелермен салыстыру арқылы бағаланады. Екіншіден, ТЖКБ тиімділігі түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші, кәсіби бағдар берудің нәтижелігі және олардың мамандықтарының қазіргі лауазымдары мен еңбек нарығы талаптарына сәйкестігі негізінде талданады.

¹ См.: <https://www.etf.europa.eu/en/what-we-do/darya-dialogue-and-action-resourceful-youth-central-asia>

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Сонымен қатар жоба аясында әртүрлі ТЖКБ колледждері ұсынатын оқу бағдарламаларының өзектілігі зерттеліп, олардың салалық қажеттіліктерге сәйкестігі және түлектердің теміржол жүк тасымалы секторының нақты талаптарына дайындығы бағаланады. Сондай-ақ әртүрлі ТЖКБ колледждерінің тиімділігі жұмысқа орналасу мәртебесі, түлектердің жалақы деңгейі және алған кәсіби даярлыққа қанағаттану көрсеткіштері сияқты негізгі көрсеткіштер бойынша салыстырылады.

Сонымен қатар түлектердің алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасу статистикасы талданып, оқу барысында меңгерген дағдылар негізінде олардың еңбек нарығына шығуға дайындық деңгейі бағаланады. Одан кейін түлектердің еңбек қызметіне көшу кезінде кездесетін кедергілер мен мәселелер, соның ішінде білім мен дағдылардағы олқылықтар мен сәйкессіздіктер қарастырылады.

Бұл сауалнама 2022-2023 жылдар аралығында теміржол жүк тасымалы мамандығы бойынша ТЖКБ колледждерін аяқтаған түлектер арасында 12 облыста өткізілді. Осы мақсаттарды көздей отырып, зерттеу нәтижелері ТЖКБ бағдарламаларының сапасы туралы маңызды мәліметтер ұсынып, олардың тиімділігі, нәтижелілігі және сала қажеттіліктеріне сәйкестігін арттыру үшін жақсартуды қажет ететін салаларды анықтауға мүмкіндік берді.

1.3. Есептің құрылымы

Бұл есеп алты бөлімнен тұрады. Кіріспеде жобаның алғышарттары, тапсырмалары және аналитикалық есептің шеңбері ұсынылған. «Зерттеу дизайны мен әдіснамасы» бөлімінде зерттеу дизайны, деректерді жинау әдістері және түлектер туралы деректер жинау үшін қолданылған іріктеу әдісі қысқаша сипатталған. Зерттеу дизайны мен әдістемесі туралы толық ақпарат Техникалық есепте берілген. 3-бөлім: «Деректерді ұсыну және сипаттамалық талдау» – негізгі бөлім, мұнда пилоттық сауалнама барысында жиналған деректер кесте түрінде ұсынылып, алынған қорытындылар сипаттамалық талдауда түлектердің алған білімі, еңбек нарығына өтуі және оқу барысында алған дағдыларының қазіргі жұмыстарына сәйкестігі туралы пікірлерге баса назар аудара отырып қорытындыланған.

4-бөлімде: «Нәтижелерді талдау және олардың мүдделі тараптар үшін маңыздылығы» сауалнама нәтижелері орта және арнайы білім басқармасы мен еңбек нарығының кең ауқымды контекстінде қарастырылып, осы қорытындылардың әртүрлі мүдделі тараптар үшін, оның ішінде Білім және ғылым министрлігі, ТЖКБ оқу орындары және жұмыс берушілер үшін маңыздылығы мен құндылығы талқыланады. 5-бөлімдегі ұсыныстар сауалнама нәтижелері негізінде ТЖКБ бағдарламаларының өзектілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстарды қамтиды. Қорытынды бөлімде негізгі нәтижелер сараланып, ТЖКБ жүйелерін нығайту үшін нақты деректер негізінде шешімдер қабылдаудың маңыздылығы атап өтілген және болашақта зерттеу жүргізілетін аймақтар көрсетілген.

2. Зерттеу дизайны мен әдіснамасы (қысқаша шолу)²

2.1. Сауалнама дизайны

Сауалнама дизайны ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін бағалайтындай мұқият ойластырылған. Оған Қазақстанның 12 облысындағы 2022 және 2023 жылдары оқу бітірген дәстүрлі және дуалды ТЖКБ бағдарламаларының түлектері қатысты. Сауалнаманың мақсаты – түлектерден алған білім, кәсіби дайындық деңгейіне қанағаттанушылық, оқу орындарынан кейін жұмысқа орналасуы туралы ақпарат жинау. Бұл мәліметтер болашақта ТЖКБ бағдарламаларын жақсарту бойынша практикалық шаралар әзірлеуге негіз болады.

Теміржол жүк тасымалы бағытын таңдау бірнеше стратегиялық маңызды себептерге байланысты. Бұл Қазақстанда жоғары білікті мамандарға сұраныстың артуымен сипатталатын қарқынды дамып келе жатқан сала және, жұмыс берушілердің пікірінше, қазіргі колледж түлектері ТЖКБ бағдарламаларынан сала талаптарына сәйкес келмейді. Сонымен қатар осы пилоттық сауалнама KazLogistics³ компаниясының қатысуымен көлік секторындағы жұмыс берушілердің сауалнамасымен қатар жүргізілді. Осы екі өзара толықтыратын зерттеу саланың сұранысы мен ұсынысын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді және ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін еңбек нарығының динамикасы тұрғысынан терең түсінуге көмектеседі.

2.2. Әдіснама

Түлектерге арналған пилоттық сауалнама болашақта ұқсас зерттеулерде қолдануға және кеңейтуге арналған қажетті құралдарды әзірлеу, техникалық мүмкіндіктерді қалыптастыру және жалпы процесті құру мақсатында өткізілді. Жоба барысында деректердің толық репрезентативтілігі мен дәлдігін қамтамасыз ету міндеті қойылған жоқ.

Түлектерге арналған сауалнама үш негізгі мақсатқа басымдық бере отырып ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін бағалауға бағытталған:

1. **ТЖКБ бағдарламаларының сапасы:** оқу бағдарламаларының салалық талаптар мен сұранысқа сәйкестігін бағалау арқылы олардың сапасын арттыру.
2. **Мансап және жұмысқа орналасу:** бағдарламаларды одан әрі жетілдіру мақсатында түлектердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық жолы туралы деректерді талдау.

² Сауалнама жүргізудің әдіснамасы мен практикалық кезеңдерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы дербес Техникалық есепте ұсынылған.

³ KazLogistics – Қазақстандағы көлік және логистика саласындағы ұйымдар қауымдастығы, ол саладағы жұмыс берушілердің одағы ретінде қызмет атқарады. Қауымдастық еліміздің түрлі өңірлерінде жүк тасымалдау, логистика және көлік инфрақұрылымы саласында жұмыс істейтін компаниялар мен ұйымдардың мүдделерін қорғап, саланың дамуына үлес қосады. Оның қызметіне мемлекеттік органдармен саясат және стратегиялар мәселелерінде ынтымақтастық, салалық стандарттарды енгізу бойынша қолдау көрсету және көлік пен логистика компанияларының өкілі ретінде жұмыс істеу кіреді, алайда ол жұмыс беруші ретінде тікелей әрекет етпейді. Қосымша ақпаратты мына сайттан табуға болады: <https://kazlogistics.kz/en>

3. Түлектердің қанағаттанушылығы: ТЖКБ бағдарламаларын жетілдіру және олардың нарық қажеттіліктеріне бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында түлектердің қанағаттану деңгейін бағалау.

«Теміржол көлігіндегі тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша 2022-2023 жылдары ТЖКБ колледждерін тәмамдаған түлектер зерттеудің негізгі объектісі ретінде таңдалды. Бұл бағыт саланың қарқынды дамуы мен түлектердің дағдылары мен құзыреттерін оның қажеттіліктеріне сәйкестендіру қажеттілігіне байланысты таңдап алынды. Бастапқы жоспар бойынша сауалнамаға 1799 түлек қатысуы тиіс еді, бірақ жеке деректерді пайдаланудағы шектеулердің салдарынан үлгі көлемі 792 адамға дейін азайтылды. Дегенмен, түзетілген үлгі аймақтар және дәстүрлі мен дуалды бағдарламалар арасында репрезентативтілікті сақтап қалды.

Жобаға қатысушылардың белсенділігі нәтижесінде респонденттердің үлесі 25,3%-ға жетіп, бұл 20%-30% мақсатты көрсеткішке сай келді және Қазақстанның теміржол жүк тасымалы секторында ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігін бағалауға сенімді негіз бола алды.

3. Деректерді ұсыну және сипаттамалық талдау

Бұл бөлімде пилоттық сауалнама нәтижелері бойынша жиналған деректердің сипаттамалық талдауы ұсынылады. Деректер абсолюттік мәнде емес, бірнеше себептермен пайыздық қатынастарда көрсетілген. Пайыздық қатынастарды пайдалану, әсіресе әртүрлі топтарда респонденттердің саны өзгешеленсе, топтарды салыстыру жұмысын жеңілдетеді. Бұл әрбір сегментті пропорционалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді, бұл деректердегі үрдістер мен заңдылықтарды анықтауға көмектеседі. Мұндай тәсіл қорытындылардың айқындылығы мен түсінікті болуын арттырады, ТЖКБ бағдарламалары мен еңбек нарығының үрдістері арасындағы сәйкестікті тиімді бағалауға жәрдемдеседі.

Бірінші кестеде көрсетілген сауалнамаға қатысқан түлектердің сипаттамалары олардың демографиялық ерекшеліктері, біліктілігі, аймақтық бөлінісі және алған білімдері туралы бірқатар маңызды деректер ұсынады. Сауалнамаға қатысқан 201 түлектің 113-і ерлер (56%), 88-і әйелдер (44%), бұл ерлердің пайдасына шағын гендерлік теңсіздік бар екенін көрсетеді. Түлектердің басым бөлігі, яғни 45%-ы 21 жаста, 33%-ы 22 жаста. Әсіресе жас топтарда ерлердің көпшілігі байқалады, сондықтан кәсіби білім алатын жастардың арасында ерлер саны көбірек (1-кесте).

Сауалнама нәтижелері бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау кеңінен таралмаған, себебі сауалнамаға қатысқан түлектердің басым бөлігі өте жас, сондықтан олар колледжді бітірген соң жұмыс іздеуге шығып, өз дағдыларын жетілдіруге немесе жаңартуға қайта оралмайды. Қарқынды еңбек нарығы тұрғысынан бұл біліктілікті арттыру және қайта даярлаудың икемді тәсілдерін енгізудің қажеттілігін көрсетеді, ол жұмыс күшін еңбек нарығындағы өзгермелі талаптар мен технологиялық прогреске бейімдеуді қамтамасыз етуде маңызды (1-кесте).

«Теміржол көлігін ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша ең кең таралған мамандық «Тасымалды ұйымдастырушы техник» болып табылады - 65,2% түлек осы мамандықты меңгерген. «Теміржол станция кезекшісі» (14,9%) және «Теміржол станция диспетчері» (11%) сияқты басқа мамандықтар аз таралған. Бұл көлікті тасымалдаумен байланысты техникалық мамандықтардағы түлектердің саны жоғары екенін көрсетеді (1-кесте).

Аймақтық бөлініске сәйкес, түлектердің басым бөлігі Ұлытау облысына тиесілі - жалпы санның 28,9%-ы, одан кейін Атырау облысы - 19,9% және Қарағанды облысы - 14,9%. Түлектердің саны ең аз облыстар арасында Жамбыл облысы (0,5%) және Солтүстік Қазақстан облысы (2,5%) бар.

Қызығы, түлектердің 73,6%-ы оқуға байланысты тұрғылықты орындарын өзгертпеген, яғни көпшілігі кәсіби даярлықтан өз аймақтарында өткен, ал 26,4%-ы басқа аймақтарға көшті, бұл студенттердің мобилділігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Соңғысы әртүрлі аймақтарда теміржол тасымалы бойынша ТЖКБ бағдарламаларының жетіспеушілігімен байланысты болуы мүмкін және білікті мамандардың тапшылығы мәселесін шешу үшін ТЖКБ-ны қолжетімді етудің маңыздылығын айқындайды, сондай-ақ еңбек әлеуетін аймақтық экономикалық қажеттіліктерге сәйкестендіруге назар аударады (1-кесте).

Сауалнамаға қатысушылар әртүрлі ТЖКБ оқу орындарынан келген: түлектердің ең көп үлесі Жезқазған бизнес және көлік колледжіне тиесілі – 30,5%. Сонымен қатар түлектердің айтарлықтай бөлігін «Бурабай» колледжі (19%) мен Қарағанды теміржол колледжі (13,5%) құрады. Қатысушылардың басым бөлігі (98,5%) күндізгі бөлімде оқыған, ал 83,1%-ы дуалды бағдарламаларға қабылданған. Бұл академиялық білім мен кәсіптік тәжірибенің өндірістерде

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі тығыз ықпалдастығын көрсетеді. Мұны 96,5% түлектің тағылымдамадан өткендігі де растайды, яғни практикалық оқыту ТЖКБ бағдарламаларының негізгі бөлігі болып табылады (1-кесте).

Кесте 1 –Сауалнамаға қатысқан түлектердің сипаттамалары

A1.1- A1.2 Жыныс-жас ерекшеліктері бойынша бөлініс			
Жасы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы
21	50	40	90
22	39	28	67
23	14	12	26
24	10	8	18
Барлығы	113	88	201
A 1.3 Игерген мамандық			
	Жиілігі	%	Жалпы
1203012 (3W10410201) - 4 және 5 дәрежелі теміржол станция кезекшісі	22	11.0	11.0
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	30	14.9	25.9
1203062 (3W10410203) –Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	10	5.0	30.9
1203082 (3W10410204) Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	8	4.0	34.8
1203093 (4S10410205) –Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	131	65.2	100
Барлығы	201	100	
A 1.4 Қай облыстансыз?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Абай	5	2.5	2.5
Ақмола	26	12.9	15.4
Ақтөбе	13	6.5	21.9
Атырау	40	19.9	41.8
Жамбыл	1	0.5	42.3
Қарағанды	30	14.9	57.2
Қостанай	2	1.0	58.2
Павлодар	15	7.5	65.7
Солтүстік Қазақстан	5	2.5	68.2
Түркістан	2	1.0	69.2
Ұлытау	58	28.9	98.0
Астана қ.	4	2.0	100
Барлығы	201	100	
A 1.5 Оқу үшін басқа аймаққа көштіңіз бе?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Иә	53	26.4	26.4
Жоқ	148	73.6	100
Барлығы	201	100	
B 1.1 Сіз білім алған кәсіптік-техникалық оқу орны қалай аталады?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Электротехникалық колледж	5	2.5	2.5
«Бурабай» колледжі	38	19.0	21.5

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	14	7.0	28.5
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	13	6.5	35.0
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	16	8.0	43.0
Атырау бизнес және құқық колледжі	13	6.5	49.5
Қарағанды теміржол колледжі	27	13.5	63.0
Жоғары электроника және байланыс колледжі	13	6.5	69.5
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	61	30.5	100
Барлығы	200	100	
В 1.2 Сіз қандай оқу түрін таңдадыңыз??			
	Жиілігі	%	Жалпы
Күндізгі	198	98.5	98.5
Сырттай	3	1.5	100
Барлығы	201	100	
В 1.3 Сіз дуалды бағдарлама бойынша оқыдыңыз ба?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Иә	167	83.1	83.1
Жоқ	34	16.9	100
Барлығы	201	100	
В 1.4 Сіз кәсіпорында тағылымдамадан өттіңіз бе??			
	Жиілігі	%	Жалпы
Иә	194	96.5	96.5
Жоқ	7	3.5	100
Барлығы	201	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.1. Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігі

Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігі түлектерді жұмысқа орналасуға қажетті дағдылар мен біліммен қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқарады. Осы бөлімде «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» бағдарламасының тиімділігі талданады, негізгі назар келесі маңызды аспектілерге аударылған: оқыту сапасы, оқу жабдықтары мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету, курс мазмұны және өндірістік оқыту. Осы бағыттар бойынша түлектердің пікірлері ТЖКБ колледждерінің күшті жақтары мен жетілдіруді қажет ететін тұстарын көрсетеді. Бұл талдау ТЖКБ жүйесі түлектер мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктерін қаншалықты қанағаттандыратынын көрсетеді.

Кесте 2 – Теміржол жүк тасымалдары бағдары бойынша ТЖКБ тиімділігінің жалпы рейтингі. БАРЛЫҒЫ – сапа бағасы 1 (төмен сапа) ден 5 (жоғары сапа) дейін пайыз (%) түрінде.

С 1. Как вы оцениваете образование, полученное вами в колледже?						
БАРЛЫҒЫ – Сапасын 1 (төмен) ден 5 (жоғары) дейін пайыздық көрсеткіш (%) бойынша бағалау.	1	2	3	4	5	Барлығы
Оқыту	1.5	0.0	22.9	35.3	40.3	100
Оқу жабдығы	1.5	0.5	22.9	35.9	39.3	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Курс мазмұны	2.0	0.5	19.9	37.3	40.3	100
Өндірістегі оқыту	1.5	0.0	18.0	35.0	45.5	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.1.1. Оқу орындары бойынша ТжКБ тиімділігі мен өзектілігі

Екінші кестеде келтірілген «Теміржол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» бағдарламасының тиімділігін талдау түлектердің барлық негізгі бағыттар бойынша жоғары қанағаттанушылығын көрсетеді. Оқыту сапасы түлектердің 75,6%-ы тарапынан жоғары бағаланған және талдаудың басқа аспектілерімен салыстырғанда көңілі толмаған түлектердің ең аз санына ие (1,5%). Оқу жабдықтары да оң пікірлерге ие: 75,2% бұл тұсты 4 немесе 5 баллмен бағалаған. Курстардың мазмұны респонденттердің 78,6%-ының жоғары бағасын алды, бұл бағдарламаның өзектілігі мен құрылымы студенттердің қажеттіліктеріне жалпы сәйкес келетінін көрсетеді. Өндірістік оқытуға ерекше назар аударған жөн: респонденттердің 80,5%-ы осы көрсеткіш бойынша ең жоғары балл қойып, мұндай оқытудың практикалық және кәсіби тәжірибе алуда маңыздылығын атап өткен. Жалпы алғанда, сауалнама деректері ТжКБ бағдарламасының жақсы ұйымдастырылғанын, қанағаттанбаған респонденттердің аз санын және барлық көрсеткіштер бойынша жоғары нәтижелерді көрсетеді (2-кесте).

Үшінші кесте деректерін талдау ТжКБ бағдарламаларының тиімділігі туралы әртүрлі критерийлер бойынша, оның ішінде оқытудың сапасы, оқу құрал-жабдықтары, курстардың мазмұны және өндірістік оқыту туралы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Оқытудың сапасы әртүрлі колледждерде айтарлықтай өзгешеленеді. Мысалы, «Бурабай» колледжі жетекші орын алады: респонденттердің 68,4%-ы оны осы көрсеткіш бойынша 5 баллмен бағалаған, бұл түлектердің жоғары қанағаттану деңгейін көрсетеді. Ал Электротехникалық колледж бен Қарағанды теміржол колледжі ең төменгі баға алды, бұл осы оқу орындарында білім беру тиімділігінің төмен екенін аңғартады. Онымен қоса респонденттердің 40%-ы Электротехникалық колледжді 5 баллдан 3 баллмен бағалағанын ескере отыру керек (3-кесте).

Оқу құрал-жабдықтары туралы айтар болсақ, «Бурабай» колледжі айтарлықтай ерекшеленеді: респонденттердің 63,2%-ы оны 5 баллмен бағалаған, бұл колледждің оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін жақсы жабдықталған материалдық-техникалық базасы бар екенін дәлелдейді. Атырау политехникалық жоғары колледжі де жақсы нәтижелер көрсетті: респонденттердің 81,3%-ы оны 4 баллмен және 18,8%-ы 5 баллмен бағалаған. Электротехникалық колледж сияқты басқа оқу орындары әлі де даму үстінде: респонденттердің 60%-ы оның материалдық-техникалық жабдықтылығын тек 3 баллмен бағалаған, бұл оқу ресурстарымен қамтамасыз етілмегендігін көрсетеді (3-кесте).

Курстардың мазмұнына берілген баға көрсеткендей, «Бурабай» колледжі жоғары бағаланды (респонденттердің 60,5%-ы оны 5 баллмен бағалады), ал басқа оқу орындарында, мысалы, Электротехникалық колледжде түлектердің қанағаттанушылық деңгейі төмен: респонденттердің 60%-ы оны 3 баллмен бағалады. Мұндай айырмашылық кейбір оқу орындарына еңбек нарығының стандарттарына және студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес болатындай өз бағдарламаларын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді (3-кесте).

Сонымен, өндірістік оқыту бойынша алынған мәліметтер көрсеткендей, «Бурабай» колледжі тағы да көш басында: респонденттердің 68,4%-ы оны 5 баллмен бағалады. Ал бірнеше басқа колледждер, соның ішінде Қарағанды теміржол колледжі және Ақтөбе колледжі ең төмен баға

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

алды, бұл студенттерге пайдалы практикалық тәжірибе алу үшін жұмыс берушілермен белсенді серіктестік орнатудың қажеттілігін көрсетеді. Осылайша, кейбір колледждер бұл бағытта жақсы жағымен ерекшеленсе, ал басқалары техникалық және кәсіптік білім беру тиімділігін арттыру мақсатында олқылықтарды жоюы қажет (3-кесте).

Кесте 3 –Түлектердің меңгерген мамандығын колледждер бойынша бағалауы. Бағалау сапасы - 1-ден (төмен бағалау) 5-ке дейін (жоғары бағалау) пайыздық (%) көрсеткіштермен.


С 1.1 Сіз оқыту сапасын қалай бағалайсыз?						
%-бен бағалау	1	2	3	4	5	Барлығы
Электротехникалық колледж	0.0	0.0	40.0	40.0	20.0	100
«Бурабай» колледжі	2.6	0.0	21.1	7.9	68.4	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	7.1	0.0	21.4	14.3	57.1	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	0.0	69.2	30.8	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	0.0	0.0	0.0	75.0	25.0	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	23.1	53.8	23.1	100
Қарағанды теміржол колледжі	3.7	0.0	25.9	63.0	7.4	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	0.0	0.0	23.1	69.2	7.7	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	0.0	0.0	31.1	16.4	52.5	100
С 1.2 Оқу жабдықтарын қалай бағалайсыз?						
%-бен бағалау	1	2	3	4	5	Барлығы
Электротехникалық колледж	0.0	0.0	60.0	20.0	20.0	100
«Бурабай» колледжі	2.6	0.0	18.4	15.8	63.2	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	0.0	7.1	14.3	14.3	64.3	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	0.0	76.9	23.1	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	0.0	0.0	0.0	81.3	18.8	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	15.4	53.8	30.8	100
Қарағанды теміржол колледжі	3.7	0.0	33.3	51.9	11.1	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	0.0	0.0	30.8	53.8	15.4	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	1.6	0.0	29.5	19.7	49.2	100
С 1.3 Сіз өз колледжіңіздегі бағдарлама мазмұнын қалай бағалайсыз?						
%-бен бағалау	1	2	3	4	5	Барлығы
Электротехникалық колледж	0.0	0.0	60.0	20.0	20.0	100
«Бурабай» колледжі	2.6	2.6	7.9	26.3	60.5	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	7.1	0.0	21.4	14.3	57.1	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	0.0	53.8	46.2	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	0.0	0.0	12.5	68.8	18.8	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	7.7	61.5	30.8	100
Қарағанды теміржол колледжі	3.7	0.0	37.0	48.1	11.1	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	0.0	0.0	23.1	61.5	15.4	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	1.6	0.0	24.6	23.0	50.8	100
С 1.4 Өндірістегі оқытуды қалай бағалайсыз?						
%-бен бағалау	1	2	3	4	5	Барлығы
Электротехникалық колледж	0.0	0.0	40.0	20.0	40.0	100
«Бурабай» колледжі	2.6	0.0	10.5	18.4	68.4	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	0.0	0.0	21.4	21.4	57.1	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	0.0	53.8	46.2	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	0.0	0.0	12.5	62.5	25.0	100

Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	0.0	69.2	30.8	100
Қарағанды теміржол колледжі	3.7	0.0	29.6	48.1	18.5	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	0.0	0.0	30.8	38.5	30.8	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	1.6	0.0	21.3	24.6	52.5	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

Бірінші диаграмма көрсетілген колледждердің жинақталған рейтингіне сәйкес, Атырау политехникалық колледжі мен Атырау агротехникалық колледжі ең сапалы білім береді: түлектердің көпшілігі оларды 4 және 5 баллмен бағалаған, бұл түлектердің жоғары қанағаттану деңгейін көрсетеді. «Бурабай» колледжі мен Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі де жоғары бағаға ие: респонденттердің сәйкесінше 65,1%-ы және 58,9%-ы оларды 5 баллмен бағалады. Электротехникалық колледжге әртүрлі пікір қалдырылды: 50% бұрынғы студенттер оны 3 баллмен бағалаған, ал тек 25%-ы жоғары баға берді, бұл колледждің жетілдіруге тиіс тұстарын көрсетеді. Жалпы алғанда, көпшілік ТЖКБ оқу орындары оң пікірлерге ие, бірақ кейбіреулеріне, мысалы, Электротехникалық колледжге, жоғары көрсеткіштері бар оқу орындарымен теңесу үшін әлі даму қажет.

Диаграмма 1- Колледждердің жиынтық рейтингі – Техникалық және кәсіби білім туралы түлектердің пікірлері, колледждер бойынша бөлінген.



Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама.

3.1.2. ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін мамандық бойынша талдау

Төртінші кестедегі мәліметтер түлектер алған білімдерінің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде оқыту сапасын, оқу жабдықтарын, курс мазмұнын және өндірістік оқыту тиімділігін, мамандықтар/квалификациялар бойынша бағасын көрсетеді. Нәтижелер 1 (төмен баға) мен 5 (жоғары баға) аралығындағы шкала бойынша бағаланды (4-кесте).

Оқыту сапасы бойынша ең жоғары баға «4-ші және 5-ші класстағы теміржол бекетінің кезекшісі» және «Жүк пен багажды қабылдау мен тапсырушы» мамандықтары бойынша қойылған:

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі сәйкесінше 68,2% және 80% респонденттер ең жоғары баға – 5-ті қойған. Ал «Бекеттің орталықтандырылған кезекшісі» және «Көлік қозғалысын ұйымдастырушы техник» мамандықтары бойынша жауаптар әртүрлі болды: жоғары баға қойғандар (5) аз болғанымен, бірқатар респонденттер оқытудың сапасын жоғары (сәйкесінше 36,7% және 31,3%) бағалаған (4-кесте).

Оқу жабдықтары мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша ең жақсы пікірлер «Жүк пен багажды қабылдау және тапсырушы» мамандығының білім беру бағдарламасына тиесілі – 80% респонденттер 5 балл қойды, одан кейін «4-ші және 5-ші дәрежелі теміржол бекетінің кезекшісі» мамандығы (72,7%) тұр. Алайда «Бекеттің орталықтандырылған күзет орны диспетчері» мамандығы бойынша бағалар орташа – 4 және 5 балл болып тең бөлінді. Курс мазмұнына келсек, мамандықтардың көпшілігінде түлектер бұл көрсеткішті жоғары бағалаған. «Жүк пен багажды қабылдау- тапсырушы» мамандығы тағы да басқалардан ерекшеленіп, 80% респонденттер курс мазмұнын жоғары бағалады, ал «Көлік құжаты операторы» бағдарламалары бойынша баға 4 және 5 балл арасында тең бөлінді (4-кесте).

Өндірістік оқыту да жоғары бағаланды, әсіресе «4-ші және 5-ші дәрежелі теміржол бекетінің кезекшісі» (81,8%) және «Жүк пен багажды қабылдау-тапсырушы» (80%) бағдарламалары. Керісінше, «Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі» мамандығы бойынша пікірлер әртүрлі болды: 50% респонденттер өндірістік оқытуды 5 баллмен бағалаған, қалған бағалар – орташа (4-кесте).

Деректерді талдау көрсеткендей, басқа мамандықтармен салыстырғанда «4-ші және 5-ші дәрежелі теміржол бекетінің кезекшісі» және «Жүктер мен багажды қабылдау және тапсырушы» бағдарламалары әдетте оқытудың сапасы, оқу жабдықтары мен құралдары, курстың мазмұны және өндірістік оқыту бойынша жоғары бағаларға ие. Ал «Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі» және «Көлік ұйымдастырушысы» мамандықтары бойынша түлектердің пікірлері әртүрлі болып, бұл бағытта әлі жұмыс жүргізу қажеттілігін көрсетеді (4-кесте).

Кесте 4 – Теміржол жүк тасымалы бойынша ТжКБ тиімділігін бағалау, біліктіліктер бойынша бөлініс – сапасын 1 (төмен сапа) мен 5 (жоғары сапа) аралығында бағалау, пайызбен (%)

С 1.1 Төмендегі мамандықтар бойынша дайындық бағдарламаларында оқыту сапасын қалай бағалайсыз??						
Мамандық / Бағасы %	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0.0	9.1	22.7	68.2	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	0.0	33.3	30.0	36.7	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдау-тапсырушы	0.0	0.0	10.0	10.0	80.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	12.5	12.5	75.0	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	0.0	0.0	24.4	42.0	31.3	100
С 1.2 Колледжіңіздегі ТжКБ бойынша оқу жабдықтары мен құрал-жабдықтардың сапасын қалай бағалайсыз?						
	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0.0	9.1	18.2	72.7	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	0.0	36.7	26.7	36.7	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0.0	10.0	10.0	80.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	12.5	37.5	50.0	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	2.3	0.8	23.7	42.7	30.5	100
С 1.3 Колледжіңіздегі ТжКБ бойынша білім беру бағдарламасының мазмұнын қалай бағалайсыз?						
	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0.0	9.1	18.2	72.7	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	0.0	26.7	36.7	36.7	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0.0	0.0	20.0	80.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	0.0	50.0	50.0	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	3.1	0.8	22.9	41.2	32.1	100
С 1.4 Өндірістегі оқытуды келесі мамандықтар бойынша қалай бағалайсыз?						
	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0.0	4.5	13.6	81.8	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	0.0	26.7	23.3	50.0	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0.0	10.0	10.0	80.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	0.0	42.9	57.1	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	2.3	0.0	19.8	42.7	35.1	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.1.3. ТжКБ тиімділігі мен өзектілігі, жыныс бойынша бөлініс

Түлектердің алған техникалық және кәсіби білімінің (ТжКБ) сапасы туралы пікірлері, жыныс бойынша және оқытудың сапасы, оқу жабдықтары, білім беру бағдарламасының мазмұны мен өндірістік оқыту сияқты көрсеткіштер бойынша бөлініс 5-кестеде көрсетілген. Оқытудың сапасы бойынша әйелдер ерлерге қарағанда оны сәл жоғары бағалады: 43,2% әйелдер ең жоғары 5 балл қойса, ерлердің 38,1%-ы осындай баға берді. Дегенмен екі жыныс өкілдерінің орташа бағалары ұқсас болды: әр топтың шамамен 23%-ы орташа 3 балл қойған. Ерлер арасында ешкім оқытуды нашар (1 немесе 2 балл деңгейінде) деп бағалаған жоқ, ал әйелдердің 3,4%-ы оқытуды 1 баллмен бағалаған, бұл респонденттердің қанағаттану деңгейінде аздаған гендерлік айырмашылықтарды көрсетеді (5-кесте).

Оқу құралдарына қатысты ерлер мен әйелдер түлектері бағаларын шамамен бірдей берді, бірақ әйелдер әдетте ерлерге қарағанда жоғары бағалайды: 42% әйел түлектер оқу жабдықтарын 5 баллмен бағалаған, ал ерлердің бұл көрсеткіші 37,2% құрады. Ерлердің ешқайсысы 1 немесе 2 балл қоймағанымен, әйелдер арасында 3,4% респондент оқу құралдарын ең төменгі деңгейде (1 балл) бағалаған, бұл әйелдер респонденттерінің бағаларының ауқымы кеңірек екенін көрсетеді (5-кесте).

Білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша әйелдер респонденттері ерлерге қарағанда сәл жоғары баға берді: 40,9% әйелдер 5 балл, ал ерлердің 39,8% осындай баға қойды. Өндірістік

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі оқытуға қатысты да екі жыныстың өкілдері жоғары баға бергенімен, әйелдер бағасы сәл жоғары болды: 47,1% әйелдер 5 балл қойса, ерлер арасында бұл көрсеткіш 44,2%-ды құрады (5-кесте).

Сауалнаманың талдау нәтижелері көрсеткендей, әйел респонденттер ТЖКБ тиімділігін көптеген көрсеткіштер бойынша, әсіресе өндірістік оқыту мен оқытушылардың сапасы тұрғысынан, ерлерден жоғары бағалайды (5-кесте).

Кесте 5 –Түлектердің ТЖКБ сапасы туралы пікірлерін жыныс бойынша бөлу – Сапасына 1 (төмен баға) мен 5 (жоғары баға) аралығында баға, пайызбен (%)

С 1.1 Сіз оқыту сапасын қалай бағалайсыз?						
Жынысы / Бағасы %	1	2	3	4	5	Барлығы
Ерлер	0.0	0.0	23.0	38.9	38.1	100
Әйелдер	3.4	0.0	22.7	30.7	43.2	100
С 1.2 Сіз оқу жабдықтарын қалай бағалайсыз??						
Жынысы / Бағасы %	1	2	3	4	5	Барлығы
Ерлер	0.0	0.0	23.9	38.9	37.2	100
Әйелдер	3.4	1.1	21.6	31.8	42.0	100
С 1.3 Сіз колледжіңіздің білім беру бағдарламасының мазмұнын қалай бағалайсыз??						
Жынысы / Бағасы %	1	2	3	4	5	Барлығы
Ерлер	0.0	0.9	20.4	38.9	39.8	100
Әйелдер	4.5	0.0	19.3	35.2	40.9	100
С 1.4 Сіз өндірістік оқытуға қалай баға берер едіңіз?						
Жынысы / Бағасы %	1	2	3	4	5	Барлығы
Ерлер	0.0	0.0	17.7	38.1	44.2	100
Әйелдер	3.4	0.0	18.4	31.0	47.1	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.1.4. Техникалық және кәсіптік білімнің еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі

6-кестеде техникалық және кәсіби білім беру жүйесі (ТЖКБ) түлектерінің алған білімдерінің жұмысқа сәйкестігі жөніндегі пікірлері талданған. Нақтырақ айтқанда, бұл жерде оқытушылардың салалық стандарттарға сәйкестігі, білім беру бағдарламаларының салалық тәжірибеге қаншалықты сәйкес келгендігі, сондай-ақ материалдық-техникалық база, жұмысқа орналасу және кәсіптік бағдар беру сабақтарының маңыздылығы туралы пікірлер қарастырылған.

Жалпы алғанда, түлектер өздерінің оқытушыларының жұмысын жақсы бағалады: 44,3%-ы ең жоғары баға – 5 балл қойса, 33,3%-ы оқытушылардың біліктілігін 4 баллмен бағалады. Бұл көпшілік респондент оқытушылар даярлығы еңбек нарығының талаптарына жеткілікті түрде сәйкес келетінін көрсетеді. Дегенмен, респонденттердің шағын бөлігі (1,5%) төмен баға – 1 балл қойды, бұл респонденттер арасында қанағаттанбаудың минималды деңгейін көрсетеді. Сол сияқты, білім беру бағдарламаларының мазмұны респонденттердің пікірінше, еңбек нарығының талаптарына айтарлықтай сәйкес келеді. Көптеген түлектер (45,3%) ең жоғары баға қойды; 34,8%-ы 4 балл берді. Тек 2,0% -ы төмен баға қойды, демек, көпшіліктің пікірінше, алған білімдері арқасында олар жеткілікті түрде жақсы дайындалған және сала талаптарына сәйкес келеді. Колледждердің материалдық-техникалық ресурстары да оң бағаланды: респонденттердің 44,3%-ы 5 балл қойса, 35,3%-ы 4 балл берді. Респонденттердің аз саны (1,5%) бұл тұсымен

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі қанағаттанбаған, алайда жалпы түлектердің пікірлері бойынша колледж құрал-жабдықтары саланың талаптарына сай келеді (6-кесте).

Кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша сабақтар да жоғары бағаланды, бірақ бағаларда біраз айырмашылықтар байқалды. Респонденттердің 43,8%-ы 5 балл, ал 33,8%-ы 4 балл қойды, алайда бұл көрсеткіштермен салыстырғанда респонденттердің 2,5%-ы осы аспектке қатысты қанағаттанарлықсыз пікір білдірді. Бұл, түлектердің көпшілігі кәсіптік бағдар беру сабақтарын пайдалы деп бағалағанымен, кейбіреулердің бұл мәселеге қанағаттанарлықсыз пікір білдіргенін көрсетеді. Сонымен қатар ТЖКБ оқу орындарына студенттерге арналған кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын жақсарту қажеттілігін айқындайды.

Нақты мамандықтар бойынша деректерді талдау көрсеткендей, «Жүк және багажды қабылдап-тапсырушы» мен «4-ші және 5-ші дәрежелі теміржол станциясының кезекшісі» мамандықтарының түлектері барлық аспектілерге ең жоғары баға берген. Мысалы, 90% «Жүк және багажды қабылдаушы мен тапсырушы» мамандығының түлектері өз оқытушыларын сала стандарттарына сәйкестігі бойынша оң бағалады, ал «4-ші және 5-ші дәрежелі теміржол станциясы кезекшілердің» 81,8%-ы осындай жоғары баға берді. Бұл мамандықтарды меңгерген түлектер сондай-ақ өздерінің білім беру бағдарламалары мен колледждің материалдық-техникалық жабдықталуының сала практикасына қаншалықты сәйкес екендігіне өте қанағаттанды. Ал, екінші жағынан, «Тасымалдауды ұйымдастырушы техник» бойынша түлектер біркелкі емес жауап берді. Респонденттердің тек 33,6%-ы өз оқытушыларына ең жоғары балл қойған, ал 25,2%-ы 3 балл қойған, бұл респонденттер арасында пікірлердің айтарлықтай өзгешеленетінін көрсетеді. Осы сияқты түлектердің 34,4%-ы өздерінің білім беру бағдарламалары еңбек нарығының талаптарына сай деп бағалағанымен, көпшілік респонденттер (21,4%) осы көрсеткіш бойынша 3 балл қойған. Материалдық-техникалық жабдықтау да осы топтың түлектері тарапынан орташа деңгейде бағаланған: тек 35,1% респондент 5 балл қойған, ал 22,1%-ы 3 балл берді. Осылайша басқа мамандықтардағы респонденттермен салыстырғанда, осы топтағы түлектер алған білімдерінің қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес екендігіне сенімді емес (6-кесте).

Жинақталған деректерді талдау нәтижесінде, түлектердің басым бөлігі алған білімдерінің жалпы түрде еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетінін атап өтсе де, «Тасымалдау ұйымдастырушы техник» сияқты кейбір мамандықтарды жетілдіру қажет екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер ТЖКБ бағдарламаларын дамып келе жатқан салалық стандарттар мен еңбек нарығының талаптарына үнемі сәйкес келтіріп отырудың маңызды екенін айқындайды.

Кесте 6 –Білімнің кәсіби қызметке сәйкестігін жалпы және мамандықтар бойынша бағалау – 1 балл (төмен) мен 5 балл (жоғары) аралығында пайызбен (%)

С.2 Сіздің алған біліміңіз жұмысқа қаншалықты сәйкес келеді?						
Мамандық / Баға %	1	2	3	4	5	Барлығы
Оқытушылар салалық стандарттарға сәйкес келеді	1.5	0.0	20.9	33.3	44.3	100
Білім беру бағдарламасы салалық тәжірибелерге сәйкес келеді	2.0	0.0	17.9	34.8	45.3	100
Материалдық-техникалық база саланың талаптарына сәйкес келеді	1.5	1.0	17.9	35.3	44.3	100
Колледжде алған жұмысқа орналасу және кәсіби бағыттау бойынша кеңестер мен ұсыныстардың құндылығы	2.5	2.0	17.9	33.8	43.8	100
С.2.1 Оқытушылар салалық стандарттарға сәйкес келеді (мамандықтар бойынша)						
Мамандық / Баға %	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0.0	9.1	9.1	81.8	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	0.0	20.0	40.0	40.0	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0.0	0.0	10.0	90.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	12.5	12.5	75.0	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	2.3	0.0	25.2	38.9	33.6	100
С 2.2 Білім беру бағдарламасы салалық тәжірибелерге сәйкес келеді (мамандық бойынша)						
Мамандық / Баға %	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0	9.1	9.1	81.8	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	0	20.0	33.3	46.7	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0	0.0	10.0	90.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0	0.0	37.5	62.5	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	3.1	0	21.4	41.2	34.4	100
С 2.3 Материалдық-техникалық база саланың талаптарына сәйкес келеді (мамандыққа бойынша)						
Мамандық / Баға %	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0.0	9.1	13.6	77.3	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	3.3	16.7	33.3	46.7	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0.0	0.0	20.0	80.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	0.0	50.0	50.0	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	2.3	0.8	22.1	39.7	35.1	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.1.5. Кәсіби бағдарлаудың ТЖКБ жүйесіндегі маңыздылығы

Колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмысының маңыздылығы туралы түлектердің пікірлерін мамандықтары бойынша 1-ден (төмен баға) 5-ке (жоғары баға) дейінгі шкала бойынша саралай келе, ең жоғары бағаларды «Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы» мамандығының түлектері берді. Жалпы алғанда, респонденттердің 80%-ы кәсіби бағдарлау сабақтарын ең жоғары бағамен (5 балл) бағалаған, ал қалған 20%-ы 4 баллмен бағалаған, бірақ ешқайсысы 4 баллдан төмен баға қоймаған. Дәл осылай «4 және 5 дәрежелі теміржол станциясының кезекшісі» мамандығы бойынша респонденттер жоғары баға берген: түлектердің 77,3%-ы кәсіби бағдар беретін бағдарламаларын 5 баллмен бағалаған, ал 13,6%-ы 4 балл қойған. Бұл топтағы түлектердің ешқайсысы 3 баллдан төмен баға қоймаған, бұл кәсіби бағдар беретін бағдарламалардың түлектердің еңбек нарығына шығуы үшін маңызды әрі пайдалы болғанын айғақтайды. Жоғарыда айтылған респонденттерден айырмашылығы «Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі» мамандығының түлектері бағаларды әртүрлі қойған: 43,3%-ы бағдарламаларды 5 баллмен бағалаған, 30%-ы 4 баллмен бағалаған, ал 26,7%-ы 3 балл қойған. Бұл кәсіби бағдар беретін бағдарламаларының құндылығын бағалауда біршама айырмашылықтар бар екенін көрсетеді, сондай-ақ көптеген түлектер бағдарламаның сапасын жақсартуға болатынын атап көрсетеді.

«Тасымалдарды ұйымдастырушы техник» мамандығын игерген түлектер өте әртүрлі жауап берген. Олардың 33,6%-ы жұмысқа орналасу және кәсіби бағдарлау бойынша кеңестерді ең жоғары деңгейде бағалап, 5 балл қойған, 39,7%-ы оларды 4 баллмен бағалаған. Ал 19,8% респондент 3 балл қойған. Сонымен қатар 3,8% респонденттер кәсіби бағдарлау бағдарламаларын ең төменгі деңгейде бағалап, 1 балл қойған, 3,1% болса 2 балл қойған. Яғни, осы топтың бір бөлігі жұмысқа орналасу мәселелері бойынша өткізілген сабақтарға

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі қанағаттанбағанын көрсетеді, бұл осы пәндердің сапасының төмен немесе олардың нақты осы мамандыққа сәйкес келмеуі, не болмаса респонденттердің өздерінің жұмысқа орналасу нәтижелеріне көңіл толмаушылықты білдіруі мүмкін (7-кесте).

Жиналған деректерді талдау нәтижесінде көптеген түлектер кәсіби бағдарлау процесін оң қабылдап, оны жоғары бағалайтыны белгілі болғанымен, әртүрлі мамандықтар бойынша респонденттердің пікірлері айтарлықтай ерекшеленеді. Осыдан кәсіби бағдарлауға берілетін баға нақты ТЖКБ бағытына байланысты екенін көреміз (7-кесте).

Кесте 7 - Түлектердің кәсіби бағдарлау сабақтарының құндылығын мамандықтар бойынша бағалауы. Бағалау сапасы 1 (төмен) ден 5 (жоғары) баллға дейін пайыздық көрсеткіштермен (%)

С 2.4 Кәсіптік бағдарлаудың маңыздылығы, мамандық бойынша						
Мамандық / Баға %	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	0.0	9.1	13.6	77.3	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	0.0	26.7	30.0	43.3	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0.0	0.0	20.0	80.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	0.0	25.0	75.0	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	3.8	3.1	19.8	39.7	33.6	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.1.6. Түлектердің алған білімдерімен қанағаттану деңгейі және себептерін түсіндіру

8-кестеде қайтадан сол оқу орнын және мамандықты таңдауға дайын түлектердің пайыздық үлесі көрсетілген. Жоғарыда келтірілген деректер түрлі колледждердегі түлектердің қанағаттану деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетеді. «Бурабай» колледжінде түлектердің 81,6%-ы сол оқу орнын және мамандықты қайта таңдар еді, бұл олардың алған білімдерімен қанағаттанатынын көрсетеді. Сол сияқты, Ақтөбе көлік, коммуникациялар және технологиялар колледжінде түлектердің 78,6%-ы қайтадан дәл сол таңдауды жасар еді, ал Жезқазған бизнес және көлік колледжінде оң жауап берген түлектердің үлесі 65,6%-ды құрайды. Электротехникалық колледж түлектерінің қанағаттанушылығы айтарлықтай төмен; тек 20% түлектер ғана қайтадан бұл колледжді таңдар еді, бұл түлектердің көпшілігінің қанағаттанбаушылығын көрсетеді. Сол сияқты, Электроника және байланыс жоғары колледжінде түлектердің жартысынан көбі (53,8%) бұл оқу орнын және мамандықты қайта таңдамауға шешім қабылдаған (8-кесте).

Бір оқу орындарында кәсіби дайындық студенттердің күткеніне сәйкес келсе, басқалары бұл мәселеде айтарлықтай қиындықтарға тап болуда. Мұндай айырмашылық оқу бағдарламалары, институционалдық ресурстар және түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды алу арасындағы келісім деңгейінің әртүрлілігін білдіруі мүмкін (8-кесте).

Кесте 8 - Алған тәжірибесіне сүйеніп өз оқу орнын қайта таңдар еді деп санаған түлектердің пайыздық үлесі (%)

С.2.5 Сіз қайтадан сол колледж бен мамандықты таңдар ма едіңіз?

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

ТЖКБ колледж	Иә	Жоқ	Барлығы
Электротехникалық колледж	20.0	80.0	100
«Бурабай» колледжі	81.6	18.4	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	78.6	21.4	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	61.5	38.5	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	50.0	50.0	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	61.5	38.5	100
Қарағанды теміржол колледжі	51.9	48.1	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	46.2	53.8	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	65.6	34.4	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

9-кестеде түлектердің сол оқу орнын және мамандықты қайта таңдау ниеттеріне әсер ететін факторлар туралы маңызды мәліметтер келтірілген. Бұл деректер қанағаттану факторларымен қатар, студенттердің көп бөлігін ұстап қалу және оқу тәжірибесін жетілдіру үшін директивтік органдар мен оқу орындары ескеру қажет мәселелі салаларды көрсетеді.

Респонденттердің сол оқу орнын және мамандықты қайта таңдауына себеп болған негізгі фактор – колледждің оқу базасы мен жабдықталуы болды; бұл туралы 40% респондент айтып өтті. Бұл студенттер үшін оң тәжірибе қалыптастыру үшін жақсы жабдықталған және қамтамасыз етілген оқу ортасының маңыздылығын айқындайды. Келесі маңызды фактор ретінде 21% респонденттер оқытушылар құрамының сапасы мен оқыту әдістемесіне қанағаттанғанын көрсетті; бұл оқыту сапасының маңызды екендігін, алайда студенттердің жалпы қанағаттануына ең басты себеп болмайтындығын білдіреді (9-кесте).

Қызығы, тек 13% респондент оқу бағдарламасымен қанағаттанғанын атап өткен, яғни бағдарламаның мазмұны мен құрылымы маңызды болғанымен, олар түлектердің қанағаттану деңгейіне ықпал етпеуі үмкін. Күтпеген жағдай, бірақ тәжірибелік білім алу үшін қажетті өндірістік тәжірибе түлектердің қанағаттануына минималды әсер етеді: тек 1% респондент оны қанағаттанудың басты факторы ретінде көрсетті. Сонымен қатар респонденттердің 20%-ы алған білімдері жалпы алғанда күткен нәтижесіне сәйкес келгенін атап өтті. Яғни оқу орны олардың үміттерінен аспаса да, білім сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Қалған 5% түлек өз шешімдеріне әсер еткен қосымша себептерді атап өтті, бірақ бұл факторлар есепте нақты түрде санаттарға бөлінбеген (9-кесте).

Оқу орнын және мамандықты қайта таңдамағандардың арасында ең жиі аталған себеп — оқу орнымен қанағаттанбаушылық немесе күткен нәрселердің орындалмауы. Респонденттердің 37%-ы оқу процесінің ұйымдастырылуы мен іске асырылуына көңілдері толмағанын айтты. Бұл студенттердің бастапқы күткені мен колледждегі алған оқу тәжірибесі арасында үлкен айырмашылық бар екенін көрсетеді. Қызығы, респонденттердің 29%-ы жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыруды жоспарлап отыр, демек, студенттердің едәуір бөлігі үшін колледжде білім алу — бұл еңбек нарығына тікелей жол емес, қосымша білім алу мақсатында жасалған қадам.

Мұндай қорытындылар студенттердің армандары мен мақсаттарын ескеру, сондай-ақ ТЖКБ-ны бұдан да көп білім беру және мансаптық мүмкіндіктермен үйлестірудің маңыздылығын айқындайды. Респонденттердің аз бөлігі (2%) көлік саласындағы қызметке деген қызығушылығының жоқтығы себепті сол оқу орнына қайта оралмайтынын атап өтті, бұл көпшілік

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

таңдаған мамандыққа деген айқын қызығушылық танытқанын көрсетеді. Респонденттердің 32%-ы егер оларға қайтадан сол оқу орнына немесе мамандыққа оралу мүмкіндігі берілсе, қайта орамлау шешімдеріне әсер еткен әртүрлі сыртқы және жеке факторларды ерекшелеп өтті (9-кесте).

Жиналған деректерді талдау нәтижелері колледждердің материалдық-техникалық жабдықталуы мен оқыту сапасы сияқты институционалдық факторлардың студенттердің қанағаттанушылық деңгейіне әсерін айқындайды. Сонымен қатар деректер студенттердің күткендері мен колледждердегі нақты білім беру процесінің арасындағы үйлесімділікті күшейтудің маңыздылығын көрсетеді. Кейбір студенттер ТЖКБ-ны еңбек нарығына тікелей шығу жолы ретінде қарастырса, ал басқалары үшін ол тек келесі қадам болып табылады (9-кесте).

Еңбек нарығы тұрғысынан алынған деректер техникалық және кәсіптік білім беру негізінен жұмысқа орналастыруда көмекке бағытталмауы керектігін, оның орнына әртүрлі табыс табу мүмкіндіктерін іздеудің құралы ретінде қарастырылуы тиіс екенін көрсетеді. Бұл білім студенттерге өзгермелі еңбек нарығы жағдайында өз жолын табуға және жаңа талаптарға икемделуге қажетті жан-жақты дағдыларды ұсынуы тиіс.

Кесте 9 - Сол білім беру мекемесін және мамандықты қайта таңдауға немесе таңдамауға әсер еткен себептер, пайыздық көрсеткіштермен (%)

С.2.6 Түлектердің қайтадан сол колледж бен мамандықты таңдау немесе таңдамау себептері?	
Иә, мен қайтадан сол колледж бен мамандықты таңдар едім.	
Топтар	%
Колледждің оқу- техникалық жабдықталуымен қанағаттану	40.0
Оқытушы құрамымен және оқу әдістемесімен қанағаттану	21.0
Оқу бағдарламасымен қанағаттану	13.0
Өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндіктерімен қанағаттану	1.0
Барлығы күткенімдей болды	20.0
Басқа	5.0
Барлығы	100
Жоқ, мен қайтадан сол колледж бен мамандықты таңдамас едім.	
Топтар	%
Оқуыма көңілім толмады / күткеніме сай келмеді.	37.0
Жоғары оқу орнында білім алуды жалғастырып жатырмын	29.0
Көлік саласы маған қызық емес	2.0
Басқа	32.0
Барлығы	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

10-кестеде ТЖКБ колледждері мен нақты мамандықтар бойынша білімнің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге қаншалықты ықпал еткеніне қатысты түлектердің пікірлері келтірілген.

Егер колледждер туралы айтатын болсақ, ең жоғары бағалар Бурабай колледжіне берілді: түлектердің 71,1%-ы мұндағы білімдерін ең жоғары баллмен (5 балл) бағалады, ал 15,8%-ы 4 балл берген. Яғни респонденттердің басым көпшілігі алған білімдері олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін едәуір ұлғайтты деп есептейді. Ал Қарағанды теміржол колледжінде жағдай өзгешелеу: тек 11,1% түлек білімінің еңбек нарығындағы құндылығын 5 балл деп бағаласа, 7,4%-ы ең төменгі 1 балл берген. Бұл кейбір түлектердің осы колледжге қанағаттанбағанын көрсетеді. Ақтөбе көлік, коммуникация және технология колледжінде ұқсас үрдіс байқалады: түлектердің

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

7,1%-ы алған білімдерінің жұмысқа орналасуға әсері аз деп (1 балл) бағаласа, түлектердің басым бөлігі — 57,1%-ы ең жоғары 5 балл берген, бұл жалпы алғанда олардың оң көзқарасын көрсетеді (Кесте 10).

Осыған байланысты Атырау агротехникалық колледжі де ерекшеленеді, мұнда респонденттердің 69,2%-ы өз білімдерінің жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне қосқан үлесін 4 балл деп бағаласа, 23,1%-ы 5 балл қойған. Бұл түлектердің қанағаттану деңгейінің жоғары екендігін, алайда олардың барлығы бірдей келіспейтінін білдіреді. Керісінше, Электроника және байланыс жоғары колледжінде бағалар айтарлықтай әртүрлі: түлектердің 23,1%-ы алған білімдерін төмен бағалап (2 балл), ал 30,8%-ы 5 балл қойған, осылайша түлектер оқу орнының тиімділігін әртүрлі бағалайды (10-кесте).

Нақты мамандықтарға келсек, сауалнама деректері түлектердің алған біліктілігіне байланысты білімдерін әртүрлі бағалайтынын көрсетеді. «4 және 5-дәрежелі станциясының кезекшісі» мамандығы бойынша түлектер білімдерін өте жоғары бағалаған: 72,7%-ы ең жоғары 5 балл қойған, ал 1 балл ешкім бермеген. Бұл олардың осы мамандыққа сәйкес жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне жоғары деңгейде қанағаттанатынын көрсетеді. Сол сияқты, «Жүк пен багажды қабылдап-тапсырушы» мамандығы бойынша түлектер де жоғары қанағаттанушылық деңгейін көрсеткен: 70,0%-ы алған білімдерінің әсерін 5 баллмен бағалаған. Ал «Тасымалдауды ұйымдастырушы техник» мамандық бойынша түлектердің пікірлері салыстырмалы түрде орташа: аз бөлігі (32,1%) білімінің үлесін 5 балл деп бағаласа, шағын бөлігі (3,8%) ең төменгі 1 балл қойған. Бұл аталған мамандықтың еңбек нарығындағы орнының біршама анық емес екенін көрсетеді (10-кесте).

Кесте 10 – Түлектер алған білімдерінің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қаншалықты арттыратыны туралы көзқарастары – колледждер мен мамандықтар бойынша бөлінген бағасы: 1 (төмен) мен 5 (жоғары) аралығындағы пайыздық көрсеткіштер (%).

С 2.7 Сіздің ойыңызша, алған біліміңіз жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріңізді қалай арттырды?						
	Мамандық / Баға %					
ТЖКБ колледж	1	2	3	4	5	Барлығы
Электротехникалық колледж	0.0	0.0	60.0	0.0	40.0	100
«Бурабай» колледжі	2.6	0.0	10.5	15.8	71.1	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	7.1	0.0	7.1	28.6	57.1	100
О.Көшекөв атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	7.7	69.2	23.1	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	0.0	6.3	12.5	56.3	25.0	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	7.7	61.5	30.8	100
Қарағанды теміржол колледжі	7.4	0.0	33.3	48.1	11.1	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	0.0	23.1	7.7	38.5	30.8	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	1.6	0.0	19.7	32.8	45.9	100
С 2.7 Сіздің ойыңызша, алған біліміңіз жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріңізді қаншалықты арттырды?						
Мамандық	1	2	3	4	5	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	0.0	4.5	9.1	13.6	72.7	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	0.0	3.3	16.7	36.7	43.3	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0.0	0.0	10.0	20.0	70.0	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	0.0	0.0	0.0	37.5	62.5	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	3.8	1.5	19.8	42.7	32.1	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

10-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, колледж түлектері жалпы алғанда алған білімдерінің жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне тигізген әсерін оң бағалайды. Дегенмен көптеген колледждерде білім беру сапасының жоғары болуы мүмкін екенін ескергенімізбен, еңбек нарығында тиісті және/немесе қолайлы жұмыс орындары жеткіліксіз болған жағдайда, алынған дағдылар әрдайым жұмысқа орналасуға алып келе бермейді. Осындай жайттарды ТЖКБ бағдарламаларының еңбек нарығындағы нәтижелерге ықпалын дұрыс бағалау үшін қарастыру қажет (10-кесте).

Оқу орындары мен мамандықтар бойынша қанағаттанушылық деңгейіндегі айырмашылықтар кейбір колледждер мен ТЖКБ бағдарламаларының түлектерін еңбек нарығына дайындауда тиімдірек және табысты екенін көрсетеді. Бұл ТЖКБ бағдарламаларын тек жоғары білім беру стандарттарына ғана емес, сондай-ақ қазіргі және болашақ еңбек нарығының нақты жағдайына сәйкес келтіру қажеттілігін айқындайды. Осылайша кәсіби дағдыларды дамыту еңбек нарығының көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етеді, сондықтан түлектер еңбек нарығындағы мүмкіндіктерге сай келетін мамандықты игереді (10-кесте).

3.2. Оқу аяқталғаннан кейін еңбек нарығына өту

Бұл бөлімде оқуды аяқтағаннан кейінгі алты айлық кезеңде сұралған түлектердің қызметі жөніндегі мәліметтер келтірілген. Бұл ақпарат түлектердің еңбек нарығына өту тәжірибесін, жұмыспен қамтылу жағдайын және жынысқа байланысты айырмашылықтарды түсінуге мүмкіндік береді. Жоғары жұмыстылық деңгейі жұмыс орындарының жоғары сапасы немесе тұрақтылығына қатысты қандай да бір қорытынды жасауға негіз бола алмайтынын атап өткен маңызды. Жұмыспен қамтылу міндетті түрде жоғары деңгейдегі жұмыс дегенді білдірмейді, себебі ол төмен жалақы төленетін, ресми емес немесе тұрақсыз жұмыс болуы мүмкін, әрі ұзақ мерзімді кепілдік немесе мансаптық өсу мүмкіндігін қамтамасыз етпейді. Жұмыспен қамту жайлы толық мәлімет алу үшін жұмыс сапасы, жалақы деңгейі және жұмыстың тұрақтылығы жөнінде қосымша ақпарат қажет; бұл мәселелер есептің 3.3 бөлімінде талданған. Төмендегі кестеде берілген деректер оқу аяқталғаннан кейінгі өтпелі кезеңнің ерекшеліктерін белгілі бір деңгейде анықтауға мүмкіндік туғызады.

3.2.1. Түлектердің оқу бітіргеннен кейінгі жұмысқа орналасу мәртебесі

11-кестедегі деректерге сәйкес түлектердің айтарлықтай бөлігі (71,1%) оқуын аяқтағаннан кейін алғашқы алты ай ішінде жұмысқа орналасқан, бұл еңбек нарығына салыстырмалы түрде жылдам бейімделуді көрсетеді, яғни көптеген түлектер тез жұмыс табады. Түлектердің 6,5%-ы жалдамалы жұмыс істемей, өз ісін жүргізуде, яғни кәсіпкерлік қызметпен немесе фрилансерлік жұмысымен айналысады. Сонымен қатар 8,5% түлек білім алуды жалғастыруды шешкен, бұл олардың мансаптық өсу немесе жеке даму үшін қосымша білім алуды маңызды деп санайтынын көрсетеді (11-кесте).

Түлектердің өте аз бөлігі (1%) жұмыс істемейтіндері және оқымайтындары туралы хабарлады, яғни бұл көрсеткіш түлектердің шамалы бөлігі ғана жұмыспен қамтылмаған немесе белгісіз

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі жағдайда екендігін білдіреді. Дәл осылай, оқуын аяқтағаннан кейін алты ай өткен соң тек 2% түлектер жұмыс іздеумен белсенді түрде айналысқан, бұл жақында бітірген түлектер арасында жұмыссыздық деңгейінің төмен екендігін көрсетеді. Айта кету керек, түлектердің 10%-ы оқуын бітіргеннен кейін «Басқа» қызмет түрін таңдаған, бұл тағылымдама, ерікті жұмыс немесе жеке себептерге байланысты демалыс алған әртүрлі жағдайларды қамтиды (11-кесте).

Жыныс бойынша деректерді зерттеу кезінде респонденттер арасында әйел түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі біршама жоғары екені байқалады: олардың 72,7%-ы жұмысқа орналасқаны туралы хабарлады, ал ерлердің бұл көрсеткіші 69,9%-ды құрады. Осыдан әйелдер оқу аяқталғаннан кейін жұмысқа орналасуда сәл жолы болғыш келетіні байқалады. Екінші жағынан, ерлердің өзіндік кәсіппен айналысу деңгейі сәл жоғары: 7,1% ер адам өз бетінше жұмыс істеуді таңдаса, әйелдер арасында бұл көрсеткіш 5,7%-ды құрайды. Бұдан ерлер арасында кәсіпкерлікке деген бейімділік немесе мүмкіндіктер көбірек екенін аңғаруға болады. Оқуды жалғастыруға келсек, ер түлектердің 9,7%-ы білімін әрі қарай жалғастырса, әйелдер арасында бұл көрсеткіш 6,8%-ды құрады, бұл ерлердің қосымша мамандықтар игеруге бейімірек екенін білдіреді. Айта кету керек, ер түлектерінің ешқайсысы жұмыссыз және/немесе оқымайтынын айтқан жоқ, ал әйелдер арасында 2,3% респондент мұндай жағдайға тап болды. Яғни әйелдер үшін еңбек нарығына немесе қосымша білім алуға өту қиынырақ (11-кесте).

Ерлердің 2,7%-ы жұмыс іздеуді белсенді түрде жалғастырса, ал әйелдер арасында бұл көрсеткіш 1,1% болды, бұл әйелдер жұмысқа тезірек орналасатындығын немесе, мүмкін, жұмыс іздеуде соншалықты белсенді болмайтындығын немесе немесе олардың талаптары төмен болуы мүмкін екенін көрсетуі мүмкін. «Басқа» санатында да ұқсас үлес байқалады: ерлер арасында 9,7%, әйелдер арасында 10,2%. Сауалнама деректері көпшіліктің оқуын аяқтағаннан кейін еңбек нарығына сәтті өтетіндігін көрсетеді. Жынысаралық айырмашылықтар минималды болғанымен, жұмысқа орналасу, өзін-өзі жұмыспен қамту және қосымша білім алу салаларындағы жыныстық айырмашылықтар белгілі бір факторлардың ерлер мен әйелдер түлектері үшін қолжетімді мүмкіндіктерге әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Бұл айырмашылықтар айқын көрінбесе де, еңбек нарығындағы динамиканы түсіну үшін оларды тереңірек зерттеу қажет болуы мүмкін (11-кесте).

Кесте 11 –Түлектердің еңбек нарығына көшуі, жұмыспен қамтылу мәртебесі мен жынысына байланысты талдау

D1 Оқу аяқталғаннан кейін алты айдан соң сіздің жұмыспен қамтылу мәртебеңізді сипаттайтын жауапты таңдаңыз?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Жалдамалы жұмысшымын	143	71.1	71.1
Өз-өзімді жұмыспен қамтатымын	13	6.5	77.6
Мен жұмыс берушімін	2	1.0	78.6
Оқуды жалғастырамын	17	8.5	87.1
Жұмыс істемеймін, оқымаймын	2	1.0	88.1
Жұмыс іздеп жүрмін	4	2.0	90.1
Басқа	20	10.0	100
Барлығы	201	100	
%	Ерлер	Әйелдер	
Жалдамалы жұмысшы	69.9	72.7	
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған	7.1	5.7	
Мен жұмыс берушімін	0.9	1.1	
Оқуды жалғастырамын	9.7	6.8	

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Жұмыс істемеймін, оқымаймын	0.0	2.3	
Жұмыс іздеп жүрмін	2.7	1.1	
Басқа	9.7	10.2	
Барлығы	100	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

12-ші кестенің деректері респонденттердің еңбек нарығына өту сапасында біліктілікке байланысты айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетеді, яғни барлық мамандықтар түлектердің еңбек қызметіне көшуіне бірдей қолайлы мүмкіндіктер бермейді.

Ең жоғары жұмысқа орналасу деңгейі – 80% «Жүк және багаж қабылдап-тапсырушылар» арасында, олардан кейін «Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары» – 75% тұр. Сонымен қатар «4-ші және 5-ші дәрежелі теміржол станцияларының кезекшілері» және «Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі» арасында бұл көрсеткіш сәл төмен – сәйкесінше 68,2% және 70%. Демек кейбір мамандықтар, мысалы, «Көлік құжаттарын өңдеу операторы», еңбек нарығының талаптарына көбірек сәйкес келеді, ал кезекшілер арасында үлкен бәсекелестік болуы мүмкін немесе оларға жұмыс табу үшін көбірек уақыт қажет (12-кесте).

Түлектер арасында жалпы алғанда өздігінен жұмыспен қамтылу деңгейі төмен – 6,5%, бірақ бұл көрсеткіш мамандыққа байланысты айтарлықтай ерекшеленеді. «4 және 5 дәрежелі теміржол станциясының кезекшілерінде» бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғары – 18,2%, бұл мамандық үшін өздігінен жұмыспен қамтылудың кең ауқымды мүмкіндігін көрсетеді. Ал «Жүк және багаж қабылдап-тапсырушы» және «Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы» сияқты мамандықтар арасында өздігінен жұмыспен қамтылу керісінше мүлдем байқалмайды, демек бұл олардың дәстүрлі жұмыс орындарына орналасу мүмкіндіктері бар екенін білдіреді (12-кесте).

ТЖКБ түлектерінің колледжден кейін білім алуды жалғастыру көрсеткіштері де әртүрлі. Жалпы алғанда, түлектердің 8,5%-ы білім алуды жалғастыруда, олардың 25%-ы көлік құжаттарын өңдеу операторлары қосымша мамандық алуға немесе мансаптық өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтылады. Екінші жағынан, жүк пен багаж қабылдаушы және тапсырушы арасында ешкім білім алуды жалғастырмайды, бұл олардың біліктілігі еңбек нарығына тікелей шығу үшін жеткілікті болуы мүмкін екенін және қосымша дипломдар алудың қажеті жоқ екенін көрсетуі мүмкін (12-кесте).

Түлектердің жұмыс іздеумен белсенді түрде айналысатын үлесі аз, тек 2%, бірақ бұл көрсеткіш мамандыққа байланысты әртүрлі болып келеді. «Жүк пен багажды қабылдап-тапсырушы» мамандығы бойынша жұмыс іздейтін түлектердің үлесі 20% құрайды, яғни жұмысқа орналасудың жоғарғы көрсеткіштеріне қарамастан, кейбір түлектердің жұмыс іздеуде қиындықтарға тап болып, олардың салған инвестицияларын ақтайтын жұмысқа орналасу мүмкіндігі шектеулі екенін білдіреді. Ал «4 және 5 дәрежелі теміржол станциясының кезекшілері» мен «Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшілері» сияқты қалған мамандықтар арасында түлектер жұмыс іздемейді, яғни бұл топтардағы түлектердің еңбек нарығына өтуі айтарлықтай жеңіл (12-кесте).

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Кесте 12 –Түлектердің жұмыспен қамтылу мәртебесі, біліктілік бойынша бөлінісі.

D1 Оқу аяқталғаннан кейін алты ай өткен соң сіздің жұмысқа орналасу мәртебеңіз қандай болды?	1203012 (3W10410201) – 4- және 5-дәрежелі теміржол станциясының кезекшісі	1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	БАРЛЫҒЫ
Абсолют саны (00')						
Жалдамалы жұмысшымын	15	21	8	6	93	143
Өз-өзімді жұмыспен қамтым	4	2	0	0	7	13
Мен жұмыс берушімін	0	0	0	0	2	2
Оқуды жалғастырамын	3	3	0	2	9	17
Жұмыс істемеймін, оқымаймын	0	0	0	0	2	2
Жұмыс іздеп жүрмін	0	0	2	0	2	4
Басқа	0	4	0	0	16	20
Барлығы	22	30	10	8	131	201
%						
Жалдамалы жұмысшы	68.2	70.0	80.0	75.0	71.0	71.1
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған	18.2	6.7	0.0	0.0	5.3	6.5
Мен жұмыс берушімін	0.0	0.0	0.0	0.0	1.5	1.0
Оқуды жалғастырамын	13.6	10.0	0.0	25.0	6.9	8.5
Жұмыс істемеймін, оқымаймын	0.0	0.0	0.0	0.0	1.5	1.0
Жұмыс іздеп жүрмін	0.0	0.0	20.0	0.0	1.5	2.0
Басқа	0.0	13.3	0.0	0.0	12.2	10.0
Барлығы	100	100	100	100	100	100


Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

2-диаграммада әртүрлі колледж түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижелеріндегі айырмашылықтар көрсетілген. Жоғары электроника және байланыс колледжі мен Электротехникалық колледждің жалдамалы жұмыспен қамтылу көрсеткіштері жоғары (80%-дан астам), ал Ақтөбе колледжі түлектері арасында жалдамалы жұмысқа орналасқандар (78,6%) және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (14,3%) бар. Өзін-өзі жұмыспен қамту көрсеткіштері Электротехникалық колледж түлектері арасында ең жоғары (20%), бұл кейбір оқу орындарының кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Екінші жағынан, Атырау агротехникалық колледжі мен Қарағанды теміржол колледжі түлектері арасында жұмыспен қамту деңгейі төмен, ал түлектердің елеулі бөлігі оқуын жалғастыруда немесе белсенді түрде жұмыс іздеуде, бұл түлектердің еңбек нарығына дайындығы әртүрлі екенін көрсетеді (2-диаграмма).

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Диаграмма 2 - Түлектердің қазіргі уақытта жұмыспен қамтылу деңгейі, колледждер бойынша бөлініс



Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама.

3.2.2. Дуалды оқыту бағдарламасы мен өндірістік тәжірибенің жұмысқа орналасу нәтижелеріне әсері

13-кестедегі мәліметтер дәстүрлі және дуалды оқыту бағдарламалары түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейлерінде елеулі өзгешеліктер бар екенін көрсетеді. Пилоттық сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқу форматына қарамастан, түлектердің басым бөлігі оқуын аяқтаған соң қысқа уақыт ішінде жұмысқа орналасқан. Дегенмен, теория мен өндірістік тәжірибені үйлестіретін дуалды оқыту бағдарламаларын тәмамдаған түлектер, әдетте, мұндай бағдарламаларға қатыспаған курстастарынан тезірек жұмысқа орналасады.

Мысалы, дуалды оқыту бағдарламаларын аяқтаған түлектердің 40,2%-ы оқу аяқталғаннан кейін бір ай ішінде жұмысқа орналасты, ал дәстүрлі бағдарламалар түлектерінің арасында бұл көрсеткіш 34,6%-ды құрады. Сонымен қатар дуалды бағдарламалар түлектерінің 85,6%-ы үш ай ішінде жұмысқа орналасса, дәстүрлі бағдарламалар түлектерінде бұл көрсеткіш 88,5%-ды құрады. Бұл дуалды оқытудың жұмысқа орналасу тұрғысынан тезірек нәтиже беретіндігін көрсетеді (13-кесте).

Пилоттық сауалнама аясында өндірістік оқыту мен өндірістік тағылымдамалардың жұмысқа орналасу нәтижелеріне әсері қарастырылды. Өндірістік тағылымдамадан өткен түлектер оқу аяқталғаннан кейін жұмысқа орналасу көрсеткіштері бойынша айтарлықтай жоғары нәтижелер көрсетті. Мысалы, өндірістік тәжірибеден өткен түлектердің 98,4%-ы оқу аяқталғаннан кейін бір ай ішінде жұмысқа орналасты, ал тағылымдама өтпеген түлектердің тек 1,6%-ы ғана жұмыс тапты. Бұл өндірістік оқытудың және практикалық тәжірибенің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін артатындығын көрсетеді (13-кесте).

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Қорытындылай келе, дуалды білім беру мен өндірістік тәжірибе «Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» ТжКБ бағдарламасын игерген түлектерінің жұмысқа орналасу мерзімін айтарлықтай қысқартып, олардың еңбек нарығында сәтті түрде жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады. Бұл академиялық және практикалық білімді біріктірудің тиімділігін көрсетеді.

Кесте 13 - Оқудан жұмысқа өту: дуалды және дәстүрлі білім берудің және өндірістік практиканың әсері

D 2 Оқу бітіргеннен кейін қашан жұмыс таптыңыз?	Жиілігі	%	Жалпы
Мен жұмысты колледжге дейін таптым	15.0	9.5	9.5
Мен студент болып жүргенде, оқуды аяқтамай жұмыс таптым	20.0	12.7	22.2
Оқуды бітіргеннен кейін бір ай ішінде	62.0	39.2	61.4
Оқуды бітіргеннен кейін бір-үш ай ішінде	39.0	24.7	86.1
Оқуды бітіргеннен кейін төрт-алты ай ішінде	13.0	8.2	94.3
Оқуды бітіргеннен кейін жеті ай – бір жыл ішінде	9.0	5.7	100
Барлығы	158	100	
D 2 Оқу бітіргеннен кейін қашан жұмыс таптыңыз?			
Дуалды оқыту бағдарламаларының түлектері			
	Жиілігі	%	Жалпы
Мен жұмысты колледжге дейін таптым	13	9.9	9.9
Мен студент болып жүргенде, оқуды аяқтамай жұмыс таптым	14	10.6	20.5
Оқуды бітіргеннен кейін бір ай ішінде	53	40.2	60.6
Оқуды бітіргеннен кейін бір-үш ай ішінде	33	25.0	85.6
Оқуды бітіргеннен кейін төрт-алты ай ішінде	12	9.1	94.7
Оқуды бітіргеннен кейін жеті ай – бір жыл ішінде	7	5.3	100
Барлығы	132	100	
D 2 Оқу бітіргеннен кейін қашан жұмыс таптыңыз?			
Дәстүрлі оқыту бағдарламаларының түлектері			
	Жиілігі	%	Жалпы
Мен жұмысты колледжге дейін таптым	2	7.7	7.7
Мен студент болып жүргенде, оқуды аяқтамай жұмыс таптым	6	23.1	30.8
Оқуды бітіргеннен кейін бір ай ішінде	9	34.6	65.4
Оқуды бітіргеннен кейін бір-үш ай ішінде	6	23.1	88.5
Оқуды бітіргеннен кейін төрт-алты ай ішінде	1	3.9	92.3
Оқуды бітіргеннен кейін жеті ай – бір жыл ішінде	2	7.7	100
Барлығы	26	100	
D 2 Оқу бітіргеннен кейін қашан жұмыс таптыңыз?	B 1.4 Сіз оқу барысында өндірістік тәжірибеден өттіңіз бе?		
%	Иә	Жоқ	Барлығы
Мен жұмысты колледжге дейін таптым	100.0	0.0	100
Мен студент болып жүргенде, оқуды аяқтамай жұмыс таптым	95.0	5.0	100
Оқуды бітіргеннен кейін бір ай ішінде	98.4	1.6	100
Оқуды бітіргеннен кейін бір-үш ай ішінде	94.9	5.1	100
Оқуды бітіргеннен кейін төрт-алты ай ішінде	92.3	7.7	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Оқуды бітіргеннен кейін жеті ай – бір жыл ішінде	88.9	11.1	100
--	------	------	-----

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.2.3. Түлектердің оқудан жұмысқа ауысу тәжірибесі және жұмыс іздеу әдістері

14-кестеде көрсетілген жұмысқа орналасу деректеріне сәйкес, колледж түлектері жұмыс іздеуде әртүрлі арналарды пайдаланады. Ал ерлер мен әйелдер арасындағы іздеу нәтижелерінде айырмашылықтар айтарлықтай байқалады. Пилоттық сауалнама қорытындысы бойынша жұмыс іздеудің ең кең таралған әдісі «ауызша жарнама» болып табылады, оны барлық түлектердің 29,8%-ы қолданған. Бұл әсіресе ер түлектер үшін жеке байланыстардың маңыздылығын атап көрсетеді, өйткені олардың 35,2%-ы осы әдіс арқылы жұмыс тапқан, ал әйелдер арасында бұл көрсеткіш 22,9%-ды құрайды.

Екінші ең жиі қолданылатын әдіс – колледж арқылы жұмыс іздеу. Осы тәсілмен түлектердің 24,1%-ы жұмысқа орналасты. Бұл әдіс ерлерге қарағанда (22,7%) әйел түлектері үшін (25,7%) сәл тиімдірек, яғни әйелдер оқу орындарының институционалдық қолдауына көбірек ие болады. Тағы бір маңызды әдіс – жарнамалық хабарламалар (Интернет және газеттер), оларды түлектердің 22,8%-ы қолданды. Бұл әдіс ерлер түлектері арасында (25,0%) әйелдерге қарағанда (20,0%) кеңірек қолданылады, яғни ерлер жұмысқа орналасуда осындай әдіске көбірек жүгінеді (14-кесте).

Жұмыспен қамтуда әсіресе әйел түлектері арасында өндірістік тәжірибе мен тағылымдамалардың да маңызды рөл атқаратыны ерекше атап өту керек. Ерлер арасында тек 4,5%-ы өндірістік тәжірибе арқылы жұмыс тапса, әйелдер арасында бұл көрсеткіш 21,4%-ды құрайды, яғни әйелдер үшін тағылымдама жұмысқа орналасудың маңызды әдісі болып табылады. Кәсіби бағдар беру бағдарламалары түлектердің 11,4%-ы үшін жұмысқа орналасуда пайдалы болды. Ер түлектері арасында бұл көрсеткіш 12,5%-ды, әйелдер арасында 10,0%-ды құрады (14-кесте).

Бұл деректер жеке байланыстар мен «ауызша жарнама» екі жыныс үшін де маңызды болғанымен, әйел түлектері үшін өндірістік тәжірибе мен колледждердің қолдауы ерекше рөл атқарғанын көрсетеді. Бұл жұмыс іздеу арналарын пайдалану бойынша гендерлік айырмашылықтар жұмысқа орналасу кезінде түлектерге қолдау көрсету, әсіресе өндірістік тағылымдамалар мен білім беру бағдарламалары арқылы қолдау көрсетуге бағытталған мақсатты стратегияларды әзірлеудің қажеттілігін айқындайды (14-кесте).

Кесте 14 – Оқудан жұмысқа ауысу: жұмыс іздеу арналары, түлектердің жынысы бойынша талдау

D 3 Жұмысты қалай таптыңыз?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Колледж арқылы	38	24.1	24.1
Тағылымдама/өндірістік тәжірибе бағдарламасы арқылы	19	12.0	36.1
Кәсіптік бағдарлау арқылы	18	11.4	47.5
Жарнама арқылы (газета/онлайн платформа)	36	22.8	70.3
Ауызша жарнама	47	29.8	100
Барлығы	158	100	
	Ерлер	Әйелдер	
Колледж арқылы	22.7	25.7	
Тағылымдама/өндірістік тәжірибе бағдарламасы арқылы	4.5	21.4	

Аналитикалық есеп


«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Кәсіптік бағдаралу арқылы	12.5	10.0	
Жарнама арқылы (газета/онлайн платформа)	25.0	20.0	
Ауызша жарнама	35.2	22.9	
Барлығы	100	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

Түлектердің жұмысқа орналасу әдістері мамандыққа байланысты айтарлықтай ерекшеленеді, және кейбір мамандықтарда, әсіресе жүк пен багаж қабылдау және тапсыру қызметкерлері үшін, ең тиімді әдіс ТЖКБ колледждерінің өзі болып табылады. Ал тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары үшін жұмысқа орналасудың ең тиімді арнасы өндірістік тәжірибе (33,3%) болып шықты. Сонымен қатар тасымалдауды ұйымдастыру техниктері үшін таныстар тарапынан ұсыныстар маңызды рөл атқарды, бұл түлектерді жұмысқа орналастыруды іске асыру мақсатында әртүрлі жеке стратегияларды әзірлеудің қажеттілігін көрсетеді (3-сурет).

Диаграмма 3 – Оқудан жұмысқа көшу: түлектер қолданатын жұмыс іздеу арналары, мамандық бойынша



Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама.

3.2.4. Оқу аяқтағаннан кейін жұмыс іздеуге қажетті іс-шаралар

15-кестеде көрсетілген нәтижелерге сәйкес «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша ТЖКБ колледждерінің көптеген түлектері жұмысқа салыстырмалы түрде тез орналасты, бірақ олардың жұмысы меңгерген мамандығына қаншалықты сәйкес келетіні туралы нақты ақпарат берілмеген. Түлектердің айтарлықтай бөлігі

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі (77,2%) алғашқы жұмысын тек 1-3 жұмыс берушіге жүгіну арқылы тапқан, яғни көпшілігі жұмыс іздеуді белсенді түрде жүргізбеген (15-кесте).

Кесте 15 – Оқудан жұмысқа көшу: жұмысқа орналасу алдында байланысқан жұмыс берушілер саны

D 4 Оқу аяқталғаннан кейін бірінші жұмысқа орналасқанға дейін қанша жұмыс берушімен байланысқа шықтыңыз?			
	Жиілігі	%	Жалпы
1-3	122	77.2	77.2
4-6	30	19.0	96.2
6-дан аса	6	3.8	100
Барлығы	158	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

Қалған 19%-ы 4-6 жұмыс берушіге жүгінсе, тек аз бөлігі (3,8%) ғана жұмыс тапқанға дейін 6-дан астам жұмыс берушіге жүгінген. Бұл, көбінесе, жұмыс іздеу ұзаққа созылмағанын көрсетеді, бірақ табылған жұмыс ТжКБ жүйесінде оқып-үйренген дағдылар мен біліктіліктермен тікелей байланыстың бар-жоғы әлі де белгісіз (15-кесте).

Бұл деректер түлектердің жұмысқа сәтті орналасқанын көрсеткенімен, олар табылған жұмыс түлектердің кәсіби білімдері немесе үміттеріне қаншалықты сәйкес келетінін анықтамайды. Демек колледж түлектері жұмысқа салыстырмалы түрде оңай орналасса да, олардың жұмыс орындарының біліктілік пен дағдыларына сәйкестігін анықтау үшін қосымша талдау жүргізу қажет. Мұндай талдау 3.4 бөлімінде баяндалады (15-кесте).

3.2.5. Кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын өту тәжірибесі және олардың маңызы туралы пікірлер

16-кестеде «Теміржол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша колледж түлектерінің оқу кезінде жүргізілген кәсіби бағдар беретін бағдарламалар мен жұмыспен қамту мәселелеріне қатысты сабақтар туралы пікірлері көрсетілген. Жалпы алғанда, түлектердің 76,6%-ы өз колледждерінде кәсіби бағдар беретін бағдарламалардың жүргізілгенін айтқан, ал 23,4%-ы мұндай қолдауды алмағандарын атап өтті. Бұл ТжКБ оқу орындарында жұмыспен қамту мәселелері бойынша консультациялар жүргізудің кең таралған тәжірибе екенін көрсетеді, әрі бұл түлектердің оқу кезеңінен жұмысқа өтуіне ықпал етуі мүмкін.

Қарағанды теміржол колледжінде түлектердің 84%-ы оларға кәсіби бағдарды таңдау бойынша көмек көрсетілгенін хабарлайды, бұл оқу орны студенттерге олардың мансаптық әлеуетін дамытуға қажетті құралдармен қамтамасыз етуге ұмтылатынын көрсетеді. Жезқазған бизнес және көлік колледжі түлектерінің пікірлерінен олардың 81%-ы жұмысқа орналасу және мансапты дамыту бойынша кеңес алғанын көреміз, ал Электроника және байланыс жоғары колледжінде түлектердің 75%-ы мансапты дамыту бойынша сабақтарға қатысқанын растайды. Бұл аталған оқу орнында студенттерге қолдау көрсету деңгейінің әжептәуір жоғары екенін көрсетеді. Көшеков О. атындағы Атырау агротехникалық колледжінде тек 44% түлек мансап мәселелері бойынша кеңес алғандарын мәлімдейді. Яғни белгілі бір кәсіби бағдар беру бойынша жұмыстар жүргізілгенімен, әлі де түзейтін тұстар баршылық.

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Мүкашев С. атындағы Атырау политехникалық колледжі түлектерінің тек 38%-ы кәсіби бағдар беретін бағдарламаларының бар екенін атап өткен, бұл жұмыспен қамтуға көмек көрсету қызметтерін жақсарту үшін қосымша шаралар қабылдау қажеттігін білдіреді. Осылайша ең төменгі көрсеткіш Электротехникалық колледжде байқалады: түлектердің тек 20%-ы ғана мансап жолын дамыту бойынша консультациялар мен кеңестер алғандарын атап өткен, демек бұл студенттерге осы бағытта қолдау көрсетілмегендігінің айқын көрінісі.

Бұл деректер барлық ТЖКБ оқу орындарында кәсіби бағдар беру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге күш пен ресурстарды жұмсаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Кәсіби бағдар беру бағдарламалары шеңберінде аталған үйлеспеушіліктерді жою түлектердің еңбек нарығына дайындығын арттырып, олардың жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсартып алады. Барлық студенттерді жұмысқа орналасу және еңбек мәселелері бойынша қажетті бағдарламалармен қамтамасыз ету түлектердің өз мансаптық жолдарына оңай бейімделуіне көмектеседі (16-кесте).

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Кесте 16 –ТЖКБ колледждері және кәсіптік бағдаралу бағдарламалары: түлектер тәжірибесі

D 5 Сіздің оқу орныңыз оқу барысында жұмысқа орналасу және кәсіби бағдар беру бойынша консультациялар немесе сабақтар ұсынды ма?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Иә	121	76.6	76.6
Жоқ	37	23.4	100
Барлығы	158	100	
B 1.1 Сіз білім алған кәсіби-техникалық оқу орнының атауы қандай?	D 5 Сіздің оқу орныңыз оқыту барысында жұмысқа орналасу және кәсіби бағдар беру бойынша қандай да бір консультациялар немесе сабақтар өткізді ме?		
	Иә	Жоқ	Барлығы
Электротехникалық колледж	20	80	100
«Бурабай» колледжі	90	10	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	93	7	100
О.Көшекөв атындағы Атырау агротехникалық колледжі	44	56	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	38	62	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	100	0	100
Қарағанды теміржол колледжі	84	16	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	75	25	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	81	19	100
A 1.3 Мамандық	D 5 Сіздің оқу орныңыз оқыту барысында жұмысқа орналасу және кәсіби бағдар беру бойынша қандай да бір консультациялар немесе сабақтар өткізді ме?		
Абсолют саны (00)	Иә	Жоқ	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	17	2	19
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	15	8	23
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	8	0	8
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	5	1	6
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	76	26	102
Барлығы	121	37	158
	Иә	Жоқ	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	14.0	5.4	12.0
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	12.4	21.6	14.6
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	6.6	0.0	5.1
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	4.1	2.7	3.8

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	62.8	70.3	64.6
Барлығы	100	100	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

17-кестеде Қазақстан колледждерін тәмамдаған 121 түлегінің кәсіби бағдарлау бағдарламалары туралы пікірлері олардың еңбекке орналасу тәжірибесі контекстінде берілген. Ең бастысы, ешбір респондент кәсіби бағдарлау бағдарламаларын 1 немесе 2 баллға бағалаған жоқ, демек барлық түлек бұл бағдарламаларды қандай да бір дәрежеде маңызды деп есептейді. Атап айтқанда, 19,8% респондент бұл бағдарламаларды 3 баллмен бағалады (орташа баға), 31,4%-ы 4 балл және 48,8%-ы 5 балл (жоғары баға) берді. Осылайша түлектердің 80,2%-ы кәсіби бағдарлау бағдарламаларына айтарлықтай жоғары мән береді.

Пайыздық қатынас көрсеткендей, респонденттердің жартысынан көбі (80,2%) кәсіби бағдарлау бағдарламаларын 4 немесе 5 баллмен бағалаған, бұл олардың жұмыс іздеу барысында маңыздылығын атап көрсетеді. Осы қорытындылардан тиімді кәсіби бағдарлау бағдарламаларының еңбекке орналасу нәтижелерін жақсартуда ерекше маңызға ие екені байқалады. Бағдарламаларға тұрақты түрде қосымша инвестиция салу еңбекке орналасу көрсеткіштерін және түлектердің жұмысқа деген жалпы қанағаттанушылығын арттыруы мүмкін. Кәсіби бағдарлаудың нақты тиімді элементтерін одан әрі зерттеу арқылы осы бағдарламаларды жүзеге асыруды оңтайландыруға болады.

Кесте 17 –Кәсіби бағдар беру бағдарламаларының маңыздылығы: түлектердің тәжірибесі

D 6 1-ден (төмен пайда) 5-ке (жоғары пайда) дейінгі шкала бойынша кәсіби бағдар беру бағдарламаларының жұмыс табуда қаншалықты пайдалы болғанын бағалаңыз			
	Жиілігі	%	Жалпы
1	0	0	0
2	0	0	0
3	24	19.8	19.8
4	38	31.4	51.2
5	59	48.8	100
Итого	121	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.3. Жұмысқа орналасу

Түлектердің жұмыспен қамтылу ерекшеліктерін көре білу ТиПО бағдарламаларының тиімділігін және олардың еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін бағалауда маңызды. Барлық жұмыс орындары бірдей деңгейде емес және көптеген түлектер өздерінің біліктілігіне сай келмейтін немесе жалақысы төмен жұмысқа орналасуы мүмкін. Осы бөлімде «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша ТЖКБ түлектерінің жұмысқа орналасу үдерісінің қазіргі хал-ахуалы мен олардың мансап жолына әсер ететін жұмыспен қамтудың сапасы қарастырылады.

Кесте 18 –Түлектердің қазіргі жұмыспен қамтылу жағдайы

Е 1 Қазіргі жұмыспен қамтылу жағдайыңыз қандай?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Ақылы жұмыс, толық жұмыс күні	121	60.2	60.2

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі


Ақылы жұмыс, жарты жұмыс күні	15	7.5	67.7
Ұзақ мерзімді келісім-шарт	16	8.0	75.6
Уақытша еңбек келісім-шарты	7	3.5	79.1
Жұмыс орнында тағылымдама	4	2.0	81.1
Сынақ мерзімі	4	2.0	83.1
Басқа	34	16.9	100
Барлығы	201	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

18-кестеде сауалнама барысында жиналған түлектердің қазіргі жұмыспен қамту жағдайы туралы деректер келтірілген. Бұл деректер түлектердің едәуір көп бөлігі (60,2%) толық жұмыс күні қызмет ететінін, яғни жұмыс орнының тұрақты әрі лайықты табыс алатынын білдіреді. Түлектердің тек 7,5%-ы ғана жарты күндік жұмыс істейді. Яғни түлектердің едәуір бөлігі толық жұмыс күнімен қамтылғанымен, олардың белгілі бір тобы әлі де еңбек нарығына шыға алмай жүр.

Сонымен қатар түлектердің 8%-ы ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша жұмыс істейді, бұл белгілі бір деңгейде жұмыспен қамтылу кепілдігін білдіреді, ал 3,5%-ы уақытша келісімшарттар бойынша қызмет етеді. Өндірістік тәжірибеде (2%) және сынақ мерзімінде (2%) жұмыс істеп жатқан түлектер әлі де еңбек нарығына шығу барысында, бұл олардың практикалық тәжірибесі мен дағдыларын арттыру қажеттілігін көрсетеді. «Басқа» жауабын 16,9% респондент таңдаған, бұған алдыңғы санаттарға кірмейтін қызмет түрлері кіруі мүмкін. Осыдан түлектер балама мансап жолдарын немесе дәстүрден тыс жұмыс түрлерін таңдай алатыны байқалады (18-кесте).

Диаграмма 4 – Түлектердің жұмыспен қамтылу жағдайы, жыныс бойынша



Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама.

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

4- диаграммаға сәйкес уақытша және толық емес жұмысқа орналасу көбінесе ерлерге тән, ал әйелдер көбінесе толық жұмыс күні, ұзақ мерзімді келісімшарттар негізінде жұмыс істейді. Алайда тағылымдамалар мен сынақ мерзіміндегі лауазымдарға келетін болсақ, мұнда ерлердің басымдығы айқын байқалады, бұл кейбір жұмыс түрлерінде гендерлік теңсіздіктің бар екенін көрсетеді (4-диаграмма).

Жалпы алғанда, пилоттық зерттеу нәтижелері «Теміржол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» бағдарламасы түлектерінің басым бөлігі толық жұмыс күні және ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша жұмысқа орналасқанын көрсетеді. Лайықты жұмыс бірнеше параметр бойынша анықталатынын мойындау қажет, атап айтқанда қызмет міндеттері, жалақы және лауазымның ТЖКБ шеңберінде меңгерілген біліктілік пен мамандығы бойынша талданады. Түлектер үшін толық жұмыс күні және ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша жұмыс та білім алу барысында туындауы мүмкін минималды шығындарды өтеу үшін жеткілікті табыс әкелуі тиіс (18-кесте).

3.3.1. Түлектер меңгерген мамандықтарының олардың еңбек қызметіне сәйкестігі

Кесте 19 – Теміржол жүк тасымалы саласындағы түлектер меңгерген мамандығы мен еңбек қызметі арасындағы сәйкестік

Е 2 Қазіргі қызметіңіз қандай?				
Жалпылама атауы			%	
Меңгерген мамандықпен тікелей байланысты қызмет			22.5	
Меңгерген мамандықпен байланысы жоқ қызмет			53.5	
Басқа			24	
Барлығы			100	
ТЖКБ колледж	Меңгерген мамандықпен тікелей байланысты жұмыс	Меңгерген мамандықпен байланысы жоқ жұмыс	Басқа	Барлығы
Электротехникалық колледж	0	100	0	100
«Бурабай» колледжі	0	82.4	17.6	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	14.3	42.9	42.9	100
О.Көшекөв атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0	100	0	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	50.0	25.0	25.0	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	14.3	71.4	14.3	100
Қарағанды теміржол колледжі	0	85.7	14.3	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	25.0	50.0	25.0	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	31.3	37.5	31.3	100
Мамандықтар	Меңгерген мамандықпен тікелей байланысты жұмыс	Меңгерген мамандықпен байланысы жоқ жұмыс	Басқа	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5-дәрежелі теміржол станция кезекшісі	25	50	25	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	7.7	84.6	7.7	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	0	28.6	71.4	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	50	0	50	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	21.6	58.8	19.6	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

19-кесте түлектердің теміржол жүк тасымалдау саласындағы алған мамандығына сай кәсіби қызметтерін көрсетеді. Талданған деректерге сүйенсек, респонденттердің тек 22,5%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істейді. Мұндай төмен көрсеткіш ТжКБ бағдарламалары аясында алынған білім мен осы саладағы қазіргі жұмысбастылық мүмкіндіктерінің арасында елеулі айырмашылық бар екенін білдіреді. Түлектердің 53,5%-ы көлік саласында өз мамандығына сай келмейтін лауазымдарда жұмыс істейді, демек бұл олардың көпшілігі алған дағдылары мен білімдерін толықтай жүзеге асыра алмайтынын көрсетеді. Мұндай сәйкессіздік респонденттердің жұмыспен қанағаттануына және мансап жолына кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, респонденттердің 24%-ы «Басқа» санатын таңдады, бұл оқуын жалғастыруды немесе көрсетілген санаттарға жатпайтын жұмыстарды қамтуы мүмкін. Мұндай түрлі жауаптар түлектердің мамандық бойынша жұмыс табуда қиындықтарға тап болудың айқын дәлелі.

Көптеген колледждердің түлектері игерген мамандықтарына сәйкес келмейтін лауазымдарда жұмыс істейді, ал тек бірнеше оқу орындарының, мысалы, Атырау политехникалық колледжінің түлектерінде ғана өз мамандығына жақын салаларда жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейі байқалады. Әр түрлі мамандықтар арасында, әсіресе орталықтандырылған станция бекетінің күзетшісі мен жүкті және багажды қабылдаушы мен тапсырушы мамандығы мен нақты жұмысы арасында айтарлықтай сәйкессіздік бар, ал тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары арасында алынған білім мен атқарған қызмет арасындағы сәйкестік деңгейі айтарлықтай жоғары.

3.3.2. Жұмысбастылық салалары

19-кестеде келтірілген деректерді талдаумен қатар, 20-кестеде түлек-респонденттердің жұмыспен қамтылған салалары көрсетілген. Осы деректерге сүйенсек, респонденттердің 43,3%-ы көлік саласында жұмыс істейді, алайда олардың көпшілігінде қазіргі жұмысының мамандығына тікелей қатысы жоқ.

Түлектердің әртүрлі секторлардағы жұмыспен қамтылуы түлектер өз мамандығы бойынша жұмыс іздегенде тап болатын мәселелердің өзектілігін көрсетеді. Респонденттердің білім беру (1,5%), денсаулық сақтау (0,5%), экономика (9,0%) және құқық (2,5%) сияқты салаларда үлес санының болуы, тек аз ғана түлектер өз мамандығы бойынша басқа салаларда тұрақты әрі қолайлы еңбек жағдайларымен жұмыс істей алатынын дәлелдейді. Жалпы, бұл деректер түлектердің алған білімдері мен еңбек нарығындағы нақты жағдайлары арасындағы елеулі сәйкессіздікті аңғартады (Кесте 20-кесте).

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Кесте 20 – Түлектердің жұмыспен қамтылу салалары

Е 3 В Қай салада жұмыс істейсіз?			
	Жиілігі	%	Жалпы
Білім беру	3	1.5	1.5
Көлік	87	43.3	44.8
Денсаулық сақтау	1	0.5	45.2
Экономика	18	9.0	54.2
Юриспруденция	5	2.5	56.7
Басқа	87	43.3	100
Барлығы	201	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

21-кесте түлектердің көлік саласындағы жұмысқа орналасу нәтижелеріндегі айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетеді, бұл ТЖКБ жүйесінде оқытылатын мамандықтар мен нарық сұранысы арасында сәйкессіздік бар екенін білдіреді. Кейбір мамандықтар көлік саласындағы еңбек нарығының сұранысына толық сәйкес келсе, ал басқаларының өзектілігі айтарлықтай төмен.

Кесте 21 –Түлектердің еңбек нарығындағы салалары, мамандық бойынша

Е 3 Қай салада жұмыс істейсіз?	1203012 (3W10410201) - 4 және 5-ші дәрежелі темір жол бекетінің кезекшісі	1203022 (3W10410202) - Орталықтанд ырылған станция бекетінің кезекшісі	1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап- тапсырушы	1203082 (3W1041020 4) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	1203093 (4S104102 05) - Тасымалд арды ұйымдаст ырушы техник	БАРЛЫҒ Ы
Абсолют (00')						
Білім беру	0	1	0	0	2	3
Көлік	12	13	7	4	51	87
Денсаулық сақтау	1	0	0	0	0	1
Экономика	2	8	1	2	5	18
Юриспруденция	1	0	0	0	4	5
Басқа	6	1	2	2	69	87
Барлығы	22	30	10	8	131	201
%						
Білім беру	0.0	3.3	0.0	0.0	1.5	1.5
Көлік	54.5	43.3	70.0	50.0	38.9	43.3
Денсаулық сақтау	4.5	0.0	0.0	0.0	0.0	0.5
Экономика	9.1	26.7	10.0	25.0	3.8	9.0
Юриспруденция	4.5	0.0	0.0	0.0	3.1	2.5
Басқа	27.3	3.3	20.0	25.0	52.7	43.3
Барлығы	100	100	100	100	100	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Осыған байланысты ерекше назар аударуға тұрарлық мамандық — «Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы», өйткені 70,0% түлектер осы салада жұмыс істейді. Сонымен қатар «4 және 5 дәрежелі теміржол станциясының кезекшісі» мамандығы бойынша 54,5% түлектер мен «Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі» мамандығы бойынша 43,3% түлектер де көлік саласында жұмыс істейді. Осылайша, бұл мамандықтарды игерген түлектер еңбек нарығында өз біліктіліктеріне сай жұмыс табуда жақсы нәтижелер көрсетеді.

Ал басқа мамандықтар бойынша айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Мысалы, «Тасымалдауды ұйымдастырушы техник» мамандығы бойынша респонденттердің тек 38,9%-ы ғана көлік саласында жұмысқа орналасқан, бұл түлектердің дайындық деңгейі немесе олардың дағдылары мен еңбек нарығының талаптары арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді. Сонымен қатар, «Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы» мамандығын игерген түлектердің тек жартысы ғана көлік саласында жұмыс істейді, яғни олардың көпшілігі кәсіби біліміне сәйкес келмейтін салада жұмыс іздеуге мәжбүр екенін көрсетеді (21-кесте).

Мұндай теңгерімсіздік кейбір мамандықтар нарықтың талаптарына сай келіп, білімге салынған инвестицияның нәтижесін беретінін, ал басқа мамандықтар түлектер мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін екенін көрсетеді. Бұл барлық мамандықтарды меңгеру көлік саласында тұрақты жұмысқа орналасуды қамтамасыз ету үшін ТжКБ бағдарламаларын үнемі бағалап, түзетуді қажет ететінін көрсетеді (21-кесте).

Кесте 22 –Түлектер жұмысқа орналасатын сала, колледждер бойынша пайызбен (%)

Е 3 Қай салада жұмыс істейсіз?							
В 1.1 Сіз оқыған кәсіптік-техникалық оқу орнының атауы қандай?	Білім беру	Көлік	Денсаулық сақтау	Экономика	Юрис-пруденция	Басқасы	Барлығы
Электротехникалық колледж	0.0	40.0	0.0	20.0	20.0	20.0	100
«Бурабай» колледжі	0.0	44.7	2.6	21.1	5.3	26.3	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	14.3	50.0	0.0	0.0	0.0	35.7	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	15.4	0.0	7.7	7.7	69.2	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	0.0	25.0	0.0	0.0	0.0	75.0	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	53.8	0.0	0.0	0.0	46.2	100
Қарағанды теміржол колледжі	0.0	25.9	0.0	0.0	3.7	70.4	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Жоғары электроника және байланыс колледжі	0.0	61.5	0.0	7.7	0.0	30.8	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	1.6	52.5	0.0	11.5	0.0	34.4	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

Электроника және байланыс жоғары колледжін ерекше атап өтуге болады, онда түлектердің 61,5%-ы көлік саласында жұмыс істейді. Одан кейін Атырау бизнес және құқық колледжінің түлектері де білім беру бағдарламаларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін атап өтеді. Жезқазған бизнес және көлік колледжінің түлектерінің 52,5%-ы көлік саласында жұмыс істейді, ал Ақтөбе көлік, байланыс және технологиялар колледжінен 50,0% түлек осы саланы таңдап, бұл олардың дағдыларының еңбек нарығындағы қажеттіліктерге белгілі бір дәрежеде сәйкес келетіндігін көрсетеді. «Бурабай» колледжінде бұл көрсеткіш сәл төмен - 44,7% түлек көлік саласында жұмыс істейді, ал Қарағанды теміржол колледжінен тек 25,9% түлек көлік саласында еңбек етеді, бұл олардың білім беру бағдарламаларының сала талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетеді. Атырау агротехникалық колледжі мен Атырау политехникалық колледжі ең төменгі көрсеткіштерге ие: сәйкесінше тек 15,4% және 25,0% түлектері көлік саласында жұмыс істейді. Бұл нәтижелер осы оқу орындарындағы білім беру бағдарламалары мен нарық сұранысы арасында ықтимал теңгерімсіздікті көрсетеді (22-кесте).

Көлік саласындағы жұмысқа орналастыру көрсеткіштеріндегі колледждер арасындағы айқын айырмашылықтар белгілі бір оқу орындары мен ТЖКБ бағдарламаларын нарық талаптарына сәйкестендіруге бағытталған мақсатты инвестициялардың маңыздылығын көрсетеді. Бұл түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ осы маңызды және динамикалық саланың дамуына үлес қосуға бағытталған. (22-кесте)

3.3.3. Түлектердің жұмысқа орналасу үшін орын ауыстыруы

23-кестедегі деректер «Теміржол көлігіндегі тасымалдарды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша түлектердің ел ішінде жұмыс іздеп көшуін көрсетеді. Пилоттық сауалнама нәтижелері көрсеткендей, түлектердің 43,5%-ы жұмыс іздеп Астана қаласына қоныс аударған, бұл астананың жұмыспен қамтудағы маңызды рөлін көрсетеді. Келесі Ұлытау облысы, мұнда 27,7% түлек, ал Атырау облысына жұмыс іздеп 10,9% түлек қоныс аударған. Басқа өңірлер, мысалы, Қарағанды (8,7%) және Ақмола (4,3%) облыстарына көшкен түлектер саны аз болумен ерекшеленеді. Сонымен қатар Батыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында бұл көрсеткіш минималды немесе мүлдем жоқ, бұл өңірлерде сапалы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін білдіреді. Респонденттердің еңбек нарығындағы мобильділігі олардың білім алуға жұмсаған күш-жігерін ақтайтын жұмыс табуға деген ынтасын көрсеткенімен, бұл сонымен қатар олардың оқыған аймақтарында лайықты жұмыс орындарының болмауын да айғақтайды.

Кесте 23 –Түлектердің жұмысқа орналасу мақсатында ел аумағында орын ауыстыруы, пайызбен (%)

Е 4 В Қай облыста жұмыс істейсіз?	Е 5 Жұмысқа орналасу үшін көшуге мәжбүр болдыңыз ба?		
	Иә	Жоқ	Барлығы
Абай	0	3.2	2.5

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Ақмола	4.3	12.9	10.9
Ақтөбе	2.2	8.4	7.0
Алматы	6.5	0.6	2.0
Атырау	10.9	18.7	16.9
Батыс Қазақстан	2.2	0.0	0.5
Қарағанды	8.7	14.8	13.4
Қостанай	0.0	0.6	0.5
Павлодар	0.0	6.5	5.0
Солтүстік Қазақстан	4.3	2.6	3.0
Түркістан	4.3	0.6	1.5
Ұлытау	6.5	27.7	22.9
Астана қ.	43.5	3.2	12.4
Алматы қ.	6.5	0.0	1.5
Барлығы	100	100	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

Пилоттық сауалнама нәтижелері бойынша, түлектердің тек 22,9%-ы жұмыс іздеу үшін көшу қажеттілігін атап өтті, ал көпшілігі, яғни 77,1%-ы көшуді талап етпейтін жұмыс орнын тапқан. Демек түлектердің басым бөлігі өздері тұратын өңірлерде жұмыс таба алады, бұл жергілікті еңбек нарығының жеткілікті жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін немесе жеке және экономикалық себептерге байланысты көшіп-қону мүмкіндігінің шектеулі екенін көрсетеді. Алайда көшкен түлектердің 22,9%-ы еңбек нарығындағы географиялық теңсіздікті атап көрсетеді. Яғни кейбір өңірлерде «Теміржол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша түлектерге арналған сапалы жұмыс орындарының жетіспеушілігін көрсетеді, сондықтан олар басқа өңірлерден жұмыс іздеуге мәжбүр (24-кесте).

Түлектердің көшуі әрдайым жақсы жұмыс мүмкіндіктерін іздеумен байланысты болмайтынын атап өткен маңызды. Мұндай мобильділік оқыту барысында алынған дағдылар мен жергілікті еңбек нарығындағы сұраныс арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді. Нарықтағы сұраныс адамдардың қажеттіліктерін ғана емес, сонымен қатар нарықтың талаптарын да көрсететінін атап өткен жөн. 24-кестеде көрсетілген нәтижелер білім беру бағдарламаларын әзірлеуде өңірлік еңбек нарығының динамикасын айқындаудың маңыздылығын көрсетеді, бұл бағдарламаларды адамдар мен нарықтың қажеттіліктеріне тиімдірек сәйкестендіруге мүмкіндік береді (24-кесте).

Кесте 24 –Түлектердің жұмыс іздеу мақсатында ел ішінде орын ауыстыруы

Е 5 Жұмысқа орналасу үшін көшуге мәжбүр болдыңыз ба?	Жиілігі	%	Жалпы
Иә	46	22.9	22.9
Жоқ	155	77.1	100
Барлығы	201	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.3.4. Жалақы

25-кестеде «Теміржол көлігіндегі тасымалдарды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша түлектердің орташа айлық жалақысы туралы деректер ұсынылған.

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Деректер бойынша түлектердің көпшілігі 200 000 - 300 000 теңге аралығында табыс табады, соның ішінде 28,9%-ы 200 000 - 250 000 теңге, ал 29,4%-ы 250 000 - 300 000 теңге аралығында табыс табады. Жалпы алғанда, осы екі категория респонденттердің шамамен 58,3%-ын құрайды, бұл көптеген түлектердің оқуын аяқтағаннан кейін қысқа мерзімде жақсы табысқа қол жеткізетінін көрсетеді.

Түлектердің 14,9%-ы 150 000 - 200 000 теңге аралығында табыс табатындарын айтты, бұл 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап белгіленген 85 000 теңге көлеміндегі ең төменгі жалақы мөлшеріне жақын⁴. Бұл тіпті төменгі жалақы аралығында олардың табысы ең төменгі деңгейден асатынын көрсетеді, бұл еңбек нарығына шыққан түлектер үшін табыс перспективасының салыстырмалы түрде қолайлы екенін білдіреді. Ал жоғары аралықта түлектердің 21,4%-ы 300 000-нан 400 000 теңгеге дейін табыс табады, ал 5,5%-ы ай сайын 400 000 теңгеден астам табысқа ие, бұл салада табысты жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің бар екенін көрсетеді (25-кесте).

Сауалнама нәтижелері бойынша түлектердің орташа айлық жалақысы туралы оң әсер қалыптасқанымен, бұл табыстың «Теміржол көлігіндегі тасымалдарды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша алған техникалық және кәсіптік біліммен қаншалықты байланысы бар екенін анықтау маңызды. Түлектердің жұмысқа орналасуы мен алған білімдері арасындағы өзара байланысты айқындау білім беру бағдарламаларының студенттерді тиісті еңбек нарығына дайындаудағы тиімділігін тереңірек бағалауға көмектеседі (25-кесте).

⁴ Бұл 2024-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бюджетте көрсетілген ауқымды өзгерістердің бір бөлігі. Оған айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) түзетілуі мен жұмыс берушілердің 1,5%-дық міндетті зейнетақы жарнасын енгізу де кіреді. Мында қараңыз: <https://mercans.com/resources/statutory-alerts/kazakhstan-amends-monthly-calculation-index-mci-monthly-minimum-wage-and-introduces-employer-pension-contribution/>

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Кесте 25 –Түлектердің орташа айлық жалақысы

Е 6 Айлық табысыңыз қандай?			
	Жиілігі	%	Жалпы
150 000 – 200 000 теңге	30	14.9	14.9
200 000 – 250 000 теңге	58	28.9	43.8
250 000 – 300 000 теңге	59	29.4	73.1
300 000 – 400 000 теңге	43	21.4	94.5
400 000 теңгеден жоғары	11	5.5	100
Барлығы	201	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

26-кестеде «Теміржол көлігіндегі тасымалдарды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша түлектердің орташа айлық жалақысы дәстүрлі және дуалды оқу бағдарламалары бойынша көрсетілген. Деректерге сәйкес, дуалды оқу бағдарламаларына қатысушылардың жалақысы жалпы дәстүрлі бағдарламалар түлектеріне қарағанда жоғары. Дуалды бағдарламалар түлектерінің 11,4%-ы айына 150 000 - 200 000 теңге табады, алайда олардың тек аз бөлігі ғана осындай төмен жалақы деңгейімен жұмыс жасайды. Оларға қарағанда, дәстүрлі бағдарламалар түлектерінің 32,4%-ы айына 150 000 - 200 000 теңге табады, бұл олардың көпшілігі жоғары жалақы төленетін жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

Дуалды білім беру бағдарламалары түлектерінің 26,3%-ы және дәстүрлі білім беру бағдарламаларын оқығандардың 41,2%-ы 200000-250000 теңге аралығында табыс табады. Бұл дәстүрлі білім алған көптеген түлектер жұмысқа орналасқанымен, жалақысы төмен екенін көрсетеді. 250000-300000 теңге көлеміндегі табыс негізінен дуалды білім беру бағдарламаларын бітірген түлектер арасында байқалады — олардың 31,7%-ы, ал дәстүрлі бағдарламаларды аяқтаған түлектердің тек 17,6%-ы осы деңгейде табыс табады. Сонымен қатар дуалды білім беру бағдарламаларын аяқтаған түлектердің 24,0%-ы 300000-400000 теңге аралығында жалақы алады, ал дәстүрлі бағдарламалар түлектерінің тек 8,8%-ы осындай табыс деңгейіне қол жеткізген (26-кесте).

Дуалды бағдарламаларды аяқтаған түлектердің 6,6%-ы 400000 теңгеден жоғары табыс табады, ал дәстүрлі бағдарламаларды оқыған түлектердің ешқайсысы бұл ең жоғары табыс деңгейіне қол жеткізе алмаған. Осындай айқын айырмашылық дуалды білім берудің еңбек нарығы талаптарына сай келетін дағдыларды дамытудағы артықшылығын көрсетеді, нәтижесінде түлектердің қаржылық тұрғыда жетістіктерге қол жеткізуіне ықпал етеді (26-кесте).

Кесте 26 –Түлектердің орташа айлық жалақысы, дуалды және дәстүрлі оқу бағдарламалары бойынша, пайызбен (%)

В 1.2 Дуалды бағдарламаны оқыдыңыз ба?	150,000 - 200,000 теңге	200,000 - 250,000 теңге	250,000 - 300,000 теңге	300,000 - 400,000 теңге	400,000 теңгеден жоғары	Барлығы
Иә	11.4	26.3	31.7	24.0	6.6	100
Жоқ	32.4	41.2	17.6	8.8	0.0	100
Барлығы	14.9	28.9	29.4	21.4	5.5	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

«Теміржол көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша түлектердің орташа айлық жалақылары туралы мамандықтар бойынша бөлінген деректер 27-ші кестеде көрсетілген. Бұл деректерді талдау түлектердің табыс деңгейінің алған мамандығына байланысты айтарлықтай өзгеретінін көрсетеді.

«4 және 5-ші дәрежелі Теміржол станция кезекшісі» мамандығы бойынша түлектердің 27,3%-ы 150000-200000 теңге аралығында табыс табады, 36,4%-ы 200000-250000 теңге аралығында, ал тек 9,1%-ы 300000-400000 теңге көлемінде жалақы алады.

«Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі» мамандығы бойынша түлектердің 20,0%-ы ай сайын 150 000 - 200 000 теңге аралығында табыс табады, 20%-ы - 200 000 - 250 000 теңге, ал 26,7%-ы 300 000 - 400 000 теңге табыс табады, бұл мамандық бойынша түлектердің кең ауқымды мүмкіндіктерге ие екенін білдіреді. «Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы» мамандығын игерген түлектердің 40%-ы 250 000 - 300 000 теңге аралығында табыс табады, бірақ олардың ешқайсысы осы мөлшерден жоғары табыс таппайды, бұл жоғары ақы төленетін лауазымдардың шектеулі екенін білдіреді. Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторларының 37,5%-ы 250 000 - 300 000 теңге аралығында табыс табады, дәл сол сияқты 37,5%-ы 200 000 - 250 000 теңге аралығында табыс табады, олардың табысы 300 000 теңгеден аспайды. Осылайша, тасымалдау ұйымдастырушы техник арасында жалақының бірқалыпты бөлінуі байқалады: 25,2%-ы 300 000 - 400 000 теңге аралығында табыс табады, ал 7,6%-ының айлық табысы 400 000 теңгеден асады.

Осы нәтижелер нақты мамандықтың табыс мүмкіндіктеріне әсерін көрсетеді. Бұл ақпарат студенттерге еңбек нарығында дұрыс бағыт таңдауға және жоғары қаржылық табысқа қол жеткізуге көмектеседі. Белгілі бір мамандықтар бойынша жоғары жалақы нарықтағы сұраныстың жоғары екенін және осы мамандықтар бойынша түлектерге деген үлкен қажеттілікті көрсетеді. Осындай байланыс ТжКБ бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендірудің түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштерін жақсартудағы маңызды рөлін айқындайды.

Кесте 27 –Түлектердің орташа айлық табысы, біліктілік бойынша пайыздық көрсеткіштермен(%)

A 1.3 Мамандық	150,000 - 200,000 теңге	200,000 - 250,000 теңге	250,000 - 300,000 теңге	300,000 - 400,000 теңге	400,000 теңгеден жоғары	Барлығы
1203012 (3W10410201) – 4 және 5- дәрежелі теміржол станция кезекшісі	27.3	36.4	27.3	9.1	0.0	100
1203022 (3W10410202) - Орталықтандырылған станция бекетінің кезекшісі	20.0	20.0	30.0	26.7	3.3	100
1203062 (3W10410203) - Жүкті және багажды қабылдап-тапсырушы	30.0	30.0	40.0	0.0	0.0	100
1203082 (3W10410204) - Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы	25.0	37.5	37.5	0.0	0.0	100
1203093 (4S10410205) - Тасымалдарды ұйымдастырушы техник	9.9	29.0	28.2	25.2	7.6	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Барлығы	14.9	28.9	29.4	21.4	5.5	100
---------	------	------	------	------	-----	-----

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.3.5. Түлектердің қазіргі жұмысымен қанағаттанушылығы

28-кестеде түлектердің қазіргі жұмыс орнымен қанағаттанушылығы 1 (күткеннен әлдеқайда төмен) мен 5 (күткеннен әлдеқайда жоғары) аралығындағы шкала бойынша көрсетілген. Бұл нәтижелер «Көлік тасымалдарын ұйымдастыру және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша түлектердің көпшілігі өз жұмысына жалпы қанағаттанатынын көрсетеді. Бұл білім беру бағдарламасының студенттерді еңбек нарығына дайындауда тиімді екенін және осы мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің жақсы екенін көрсетеді.

Көптеген түлектер, яғни олардың 37,8%-ы өз қанағаттанушылығын 4 балл деп бағалаған, ал 31,8%-ы ең жоғары баға — 5 балл берген, демек түлектердің шамамен 69,6%-ы өз жұмысын ойлағанымен сәйкес немесе одан асып түскен деп есептейтді. Ал 27,4%-ы өз қанағаттанушылығын орташа деңгейде, 3 балл деп бағалаған, шағын бөлігі (3,0%) қанағаттанбағанын білдіріп, 1 немесе 2 баллиен бағалаған.

Жоғары деңгейдегі қанағаттанушылық түлектердің үміттері мен олардың жұмыс орындарындағы нақты жағдайдың толық сәйкес келетінін көрсетеді. Түлектердің қанағаттанушылық деңгейін тұрақты бақылау техникалық және кәсіби білім беру бағдарламаларының студенттердің үміті мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуде маңызды.

Кесте 28 –Түлектердің қазіргі жұмысымен қанағаттану деңгейі – 1 (төмен қанағаттанушылық) мен 5 (жоғары қанағаттанушылық) балл аралығындағы баға, пайыздық көрсеткіштер (%)

Е 7 Қазіргі жұмысыңызбен жұмысқа орналасар алдындағы үмітіңізбен салыстырғанда қаншалықты қанағатсыз? (1 балл - күткенімнен әлдеқайда жоғары, 5 балл - күткенімнен әлдеқайда төмен)	Жиілігі	%	Жалпы
1	3	1.5	1.5
2	3	1.5	3.0
3	55	27.4	30.4
4	76	37.8	68.2
5	64	31.8	100
Барлығы	201	100	

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.4. Алған техникалық және кәсіби білімнің еңбек нарығы контекстіндегі өзектілігі

Бұл бөлімде түлектер алған білімдерін жұмыс орнында қаншалықты тиімді қолдана алатыны қарастырылады. Кестеде берілген мәліметтер (29-кесте) түрлі ТЖКБ оқу орындары түлектерінің алған дағдыларын жұмыс орнында қаншалықты тиімді қолдана алатынын көрсетеді. Кестеден көрініп тұрғандай, түлектердің 34,3%-ы өз дағдыларының өзектілігін жоғары деңгейде (4 немесе 5 балл) бағалаған, бұл олардың алған білімдерін оң бағалағанын білдіреді. Алайда 26,9%-ы өз дағдыларын орташа деңгейде (3 балл) бағалаған, ал 3,0%-ы дағдыларының өзектілігі өте төмен

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

(1 балл) екенін хабарлаған. Осылайша көптеген түлектер өз дағдыларын қолдануда білікті сезінсе де, бір бөлігі алған білімдерін қазіргі жұмысында қалай дұрыс қолданарын білмей, қиындықтарға тап болатынын білдіреді.

Оқу орындарының арасында ерекше көзге түскен «Бурабай» колледжі, оның түлектерінің 68,4%-ы өз кәсіби дағдыларының өзектілігін жоғары деңгейде (4 немесе 5 балл) бағалаған. Бұл алынған білім мен еңбек нарығында қажетті дағдылар арасындағы үйлесімділікті көрсетеді. Дәл осылай Атырау агротехникалық колледжінің 69,2% түлегі алған дағдыларының өзектілігін жоғары деңгейде бағалаған, бұл білім беру бағдарламасы сала талаптарына сәйкес әрі тиімді екенін көрсетеді. Керісінше, Қарағанды теміржол колледжі мен Атырау политехникалық колледжі бұл көрсеткіш бойынша төмен пайыздық көрсеткішке ие — 7,4% және 18,8%, тиісінше. Мұндай нәтижелер білім беру бағдарламаларында немесе оқыту әдістерінде еңбек нарығының талаптарына түлектерді жеткілікті дәрежеде дайындауға мүмкіндік бермейтін олқылықтардың бар екенін көрсетуі мүмкін (29-кесте).

Гендерлік айырмашылықтар тұрғысынан, әйел түлектері өз дағдыларын қолдану мүмкіндігін жоғары бағалайды: олардың 37,5%-ы өз кәсіби дағдыларының өзектілігін жоғары деңгейде (4 немесе 5 балл) бағалады, ал ерлер үшін бұл көрсеткіш 31,9%-ды құрады. Мұндай теңсіздік ерлер мен әйелдердің оқу мен алған білімдері мен дағдыларын жұмыс орнында қолдануға қатысты әртүрлі көзқарастарын көрсетуі мүмкін (29-кесте).

29-кестенің мәліметтері көптеген ТЖКБ түлектері өз дағдыларын тиімді қолдана алатынын айтса да, оқу орындары мен жыныстар арасында айырмашылықтар бар екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерін үнемі қайта қарау және жаңарту қажеттілігін атап көрсетеді, өйткені дағдылардың өзектілігін және еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету түлектердің еңбекке қабілеттілігі мен қанағаттанушылығын арттыруда маңызды (29-кесте).

Кесте 29 –Игерген дағдылардың қолданылуы, колледждер бойынша – 1 балдан (төмен сәйкестік) 5 балға дейін (жоғары сәйкестік) пайызбен (%)

F 1 Сіз қазіргі жұмысыңызда колледжде алған дағдыларыңызды қаншалықты пайдаланасыз?						
ТЖКБ колледж	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
Электротехникалық колледж	0.0	0.0	60.0	40.0	0.0	100
«Бурабай» колледжі	0.0	0.0	10.5	21.1	68.4	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	0.0	0.0	21.4	35.7	42.9	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	15.4	69.2	15.4	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	6.3	0.0	37.5	37.5	18.8	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	23.1	53.8	23.1	100
Қарағанды теміржол колледжі	11.1	3.7	14.8	63.0	7.4	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	7.7	0.0	38.5	46.2	7.7	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	1.6	1.6	37.7	16.4	42.6	100
Барлығы	3.0	1.0	26.9	34.8	34.3	100
Жынысы	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
Ерлер	0.0	0.0	32.7	35.4	31.9	100
Әйелдер	6.8	2.3	19.3	34.1	37.5	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңселектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.4.1. Түлектердің қазіргі жұмысына қатысты ТЖКБ өзектілігі

30-кестенің деректерін талдау ТЖКБ жүйесі түлектерді қазіргі жұмысына қаншалықты жақсы дайындағанын көрсетеді. Түлектер білімдерінің еңбек нарығында қаншалықты пайдалы екендігін түсінгендері білім беру бағдарламаларының дағдылар мен білімдерді жеткізу тұрғысынан тиімділігін бағалауға көмектеседі.

Деректер көрсеткендей, тек 34,8% түлектер алған білім өздерінің қазіргі жұмысқа дайындалуына айтарлықтай ықпал еткенін (4 немесе 5 балл) атап өткен. Бірқатар түлек өздерін жеткілікті түрде дайын екенін сезінсе де, елеулі бөлігі алған білімін жеткіліксіз өзекті деп санайды. Сонымен қатар 25,9%-ы өздерінің кәсіптік дайындығын орташа деңгейде бағалаған (3 балл), ал 3,5%-ы меңгерген білімі оларды минималды деңгейде даярлағанын (1 балл) айтады (30-кесте).

«Бурабай» колледжінің түлектері алған білімдерінің өзектілігіне басқа колледждердің түлектеріне қарағанда көбірек қанағаттанған: 60,5% кәсіби дайындықтарын жоғары деңгейде бағалады (4 немесе 5 балл). Бұл колледждің білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің үміттері және еңбек нарығында қажетті дағдыларға толық сәйкес келетінін көрсетеді. Сол сияқты, Атырау қаласындағы Бизнес және құқық колледжінің 69,2% түлектері өздерін жақсы дайындалған сезінеді, бұл осы бағытта тиімді кәсіби дайындықтың бар екенін білдіреді. Керісінше, Электротехникалық колледждің түлектерінің едәуір бөлігі (80,0%) өздерінің дайындығын орташа деңгейде бағалаған (3 балл), бұл білім беру бағдарламалары еңбек нарығының талаптарына жеткіліксіз сәйкестігін көрсетуі мүмкін. Қарағанды теміржол колледжінде тек 7,4% түлектер ғана алған білімдері өздерінің ағымдағы жұмыс міндеттеріне жеткілікті түрде дайындаған деп санайды, бұл білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын жетілдірудің қажеттілігін айқын көрсетеді (30-кесте).

Гендерлік айырмашылықтарды қарастырғанда, әйел түлектер алған кәсіби даярлықты жоғары бағалайтындығы айқын: 38,6% әйелдер өздерінің білімдерін айтарлықтай өзекті деп бағалаған (4 немесе 5 балл), ал ерлер түлектерінің тек 31,9%-ы ғана осы пікірге ие. Яғни, әйелдер колледжде алған білімдері мен дағдылары қазіргі жұмыс міндеттеріне көбірек сәйкес келеді деп есептейтінін көреміз немесе бұл ерлер мен әйелдердің жұмыс орындарындағы тәжірибесінің айырмашылығын көрсетуі мүмкін (30-кесте).

Деректерді талдау көрсеткендей, түлектер ТЖКБ бағдарламаларының қазіргі жұмысқа сәйкестігін орташа деңгейде бағалайды, ал пікірлер колледжге байланысты айтарлықтай өзгеріп отырады. Талдау нәтижелері оқу жоспарлары мен ТЖКБ бағдарламаларын үнемі бағалап, жетілдіріп отыру қажеттілігін көрсетеді, бұл өз кезегінде жұмыс нарығының өзгермелі талаптарына сәйкес келуді және түлектердің табысты мансап құруға дайындықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (30-кесте).

Кесте 30 –Түлектердің қазіргі жұмысы тұрғысынан алған техникалық және кәсіптік білімінің (ТЖКБ) өзектілігі туралы пікірі – Бағалау 1-ден (төмен) 5-ке дейін (жоғары) пайызбен (%) көрсетілген.

F 2. Сіздің ойыңызша, біліміңіз сізді қазіргі жұмысыңызға қаншалықты жақсы дайындады? 1 баллдан (нашар) 5 баллға дейін (өте жақсы) бағалаңыз.						
ТЖКБ колледж	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
Электротехникалық колледж	0.0	0.0	80.0	20.0	0.0	100
«Бурабай» колледжі	2.6	0.0	15.8	21.1	60.5	100

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	0.0	0.0	14.3	42.9	42.9	100
О.Көшеков атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	23.1	61.5	15.4	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	6.3	0.0	31.3	43.8	18.8	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	7.7	69.2	23.1	100
Қарағанды теміржол колледжі	11.1	3.7	14.8	63.0	7.4	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	7.7	0.0	46.2	30.8	15.4	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	1.6	3.3	32.8	14.8	47.5	100
БАРЛЫҒЫ	3.5	1.5	25.9	34.3	34.8	100
Жынысы	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
Ер	0.0	0.9	31.9	35.4	31.9	100
Әйел	8.0	2.3	18.2	33.0	38.6	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

31-кесте мәліметтері түлектердің алған білімдері мен қазіргі кәсіби міндеттері арасындағы сәйкестікті қалай бағалағанын көрсетеді. Жалпы алғанда, деректер тек 33,3% респонденттердің олардың кәсіби дайындықтары қазіргі жұмыс міндеттеріне едәуір сәйкес келеді деп бағалағанын көрсетеді (4 немесе 5 балл), яғни көпшілігі алған техникалық және кәсіби білімдерінің қазіргі жұмыстағы талаптарға сай келмейді деп санайды. Сонымен қатар 22,4% түлектер өздерінің дайындықтарын орташа деңгейде бағалаған (3 балл), ал 3,5% білім мен қазіргі кәсіби міндеттер арасындағы сәйкестікті минималды деп бағалаған (1 балл).

«Бурабай» колледжі 57,9% түлектерінің алған білімдері кәсіби міндеттеріне толық сәйкес келетінімен (4 немесе 5 балл) ерекшеленеді. Бұл колледждің білім беру бағдарламасының сала қажеттіліктеріне сәйкес келетінін білдіруі мүмкін. Осылайша, Атырау бизнес және құқық колледжінің 61,5% түлектері алған білімдерінің жұмыс талаптарымен жақсы үйлесетінін айтады. Ал Электротехникалық колледж керісінше, көңіл көншітетін нәтижелер көрсеткен жоқ: оның түлектерінің 60,0%-ы алған білімдерінің жұмыс орнындағы талаптарға сәйкестігін орташа деңгейде (3 балл) бағалаған, ал жоғары бағалаған (4 немесе 5 балл) түлек болмаған. Бұл колледждің білім беру бағдарламасы еңбек нарығына сай болуын қамтамасыз ету үшін айтарлықтай жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді (31-кесте).

Мәліметтерді жыныстық белгісі бойынша талдау нәтижелері бойынша, қыздар өз білімдерінің кәсіби міндеттеріне сәйкестігін жоғары деңгейде бағалайтыны байқалады: олардың 37,5%-ы кәсіби дайындықтарын жоғары деңгейде бағалады, бұл көрсеткіш ерлердің 30,1%-ымен салыстырғанда жоғары. Бұл айырмашылық әйелдер мен ерлердің таңдаған кәсіп түрлеріндегі ерекшеліктерді немесе алған білімдерінің өз лауазымдарына қаншалықты сәйкес келетіні туралы пікірлердің айырмашылықтарын көрсетуі мүмкін (31-кесте).

Негізінен, 31-кестенің мәліметтерін талдау білім алушылардың алған ТЖКБ-ның қазіргі лауазымдық міндеттеріне сәйкестігі туралы пікірі біржақты емес екенін көрсетеді. Кейбір «Бурабай» колледжі мен Атырау бизнес және құқық колледжі сияқты оқу орындары өз түлектерінің білімі практикалық міндеттерге сәйкес келетінін көрсетсе, ал басқаларға, әсіресе Электротехникалық колледжге, еңбек нарығының талаптарына толықтай сай келу үшін білім беру бағдарламаларын қайта қарау қажет (31-кесте).

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

Кесте 31 – Колледж түлектерінің техникалық және кәсіптік білімнің (ТЖКБ) олардың қазіргі қызметтік міндеттеріне сәйкестігі туралы пікірі – 1 баллдан (төмен сәйкестік) 5 баллға дейінгі (жоғары сәйкестік) баға, пайызбен (%)

F 3 Сіз алған біліміңіздің деңгейі қазіргі қызметіңізге сәйкес келеді деп санайсыз ба?						
ТЖКБ колледж	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
Электротехникалық колледж	0.0	20.0	60.0	20.0	0.0	100
«Бурабай» колледжі	2.6	2.6	13.2	23.7	57.9	100
Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі	0.0	0.0	21.4	42.9	35.7	100
О.Көшекеев атындағы Атырау агротехникалық колледжі	0.0	0.0	15.4	69.2	15.4	100
С.Мукашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі	0.0	0.0	31.3	50.0	18.8	100
Атырау бизнес және құқық колледжі	0.0	0.0	15.4	61.5	23.1	100
Қарағанды теміржол колледжі	11.1	3.7	14.8	63.0	7.4	100
Жоғары электроника және байланыс колледжі	7.7	0.0	23.1	46.2	23.1	100
Жезқазған бизнес және көлік колледжі	3.3	1.6	29.5	21.3	44.3	100
БАРЛЫҒЫ	3.5	2.0	22.4	38.8	33.3	100
Жынысы	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
Ер	1.8	0.0	27.4	40.7	30.1	100
Әйел	5.7	4.5	15.9	36.4	37.5	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

3.4.2. Жұмысқа орналасу және табыс тұрғысындағы ТЖКБ-ның маңыздылығы туралы түлектердің пікірі

Түлектердің техникалық және кәсіби білімнің (ТЖКБ) жұмысқа орналасу мен табыс тұрғысындағы маңыздылығы туралы пікірлері 32-ші кестеде көрсетілген. Нәтижелер жалпы алғанда түлектер алған кәсіби білімнің құндылығын жоғары бағалайтынын көрсетеді. Мысалы, респонденттердің 35,3%-ы алған білімін жұмыс табуда көмектескенін жоғары бағалады (4 немесе 5 балл). Осылайша, ТЖКБ бағдарламалары белгілі бір дәрежеде жұмысқа орналасуға ықпал етеді. Дегенмен респонденттердің 22,9%-ы осы тұсты орташа деп бағалаған (3 балл), яғни қазіргі жағдайды жақсарту керек екені байқалады.

Меңгерген білім лайықты жұмысқа орналасуда қаншалықты көмектескенін бағалағанда, 41,8% түлектер оң баға (4 немесе 5 балл) берген, бұл түлектердің орналасқан жұмысқа қанағаттануын қамтамасыз етуде ТЖКБ маңызды мәнге ие екенін көрсетеді. Алайда 20,4% түлектер алған білімін осы көрсеткіш бойынша орташа деңгейде бағалады, бұл түлектердің үміттері мен мақсаттары және нақты жұмыс тәжірибесі арасында ықтимал сәйкессіздікті көрсетеді. Жұмысқа қажетті дағдыларға қатысты 40,3% респонденттер білімін оң бағалап, 19,4% - орташа деңгейде бағалады. Бұл ТЖКБ студенттерді пайдалы дағдылармен қамтамасыз ететініне қарамастан, олардың әжептәуір бөлігі дағдылар нарықтың талаптарына сәй келмейтінін айтады.

ТЖКБ түлектеріне қалаған жұмысты және лайықты табысқа ие болу тұрғысынан көмегі туралы айтатын болсақ, 38,8% түлектер білімін оң бағалап, 21,4% - орташа деңгейде бағалады. Бұл кәсіптік білімнің одан әрі жетілдірілуі тиіс саласы, себебі қанағаттанарлық деңгейдегі табыс қамтамасыз ету кәсіби оқытудың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Сондай-ақ кейбір

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

түлектердің жалақыға қатысты үміттері тым жоғары болғандықтан, бұл олардың білім тиімділігіне деген көзқарасына да әсер етуі мүмкін.

Жыныс бойынша мәліметтер көрсеткендей, әйел респонденттердің көпшілігі алған білімдерінің жоғары құндылығын атап өтеді. Мысалы, 39,8% әйел түлектері меңгерген білім қалаған жұмыс табуға көмектесті деп санаса, ерлер түлектерінің тек 28,3%-ы осындай пікір ұстанады. Бұл үрдіс басқа да сұрақтарда байқалады, яғни әйел түлектердің алған кәсіби даярлықтарына қатысты пікірі оң.

Жүргізілген деректер талдауы бойынша түлектер алған техникалық және кәсіптік білімнің жұмысқа орналасуға және қажетті табыс алуға көмектесетінін мойындайтындығы айқын болғанымен, әлі де жетілдіруді қажет ететін маңызды бағыттар бар. Түлектердің қалаған жұмысын және табысын табу мәселелері ТжКБ оқу орындары үшін жалпы бағдарлама тиімділігін арттыру тұрғысынан басты сұраққа айналуы тиіс.

Кесте 32 –ТжКБ-ның жұмыс табу және табыс алу тұрғысынан маңыздылығы туралы түлектердің пікірлері – 1 баллдан (төменгі құндылық) 5 баллға дейін (жоғары құндылық) пайызбен (%)

F 4 Жалпы алғанда, алған білімнің келесі мақсаттарға жетуде маңыздылығын қалай бағалайсыз?						
ТжКБ колледжі	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
Жұмыс іздеуде	3.5	2	22.9	36.3	35.3	100
Өзіңізге ұнайтын жұмысқа орналасуда	3	1	20.4	41.8	33.8	100
Жұмысқа қажетті дағдыларды игеру үшін	3.5	2	19.4	40.3	34.8	100
Қалаған лауазым мен табысқа ие болу үшін	3	2.5	21.4	38.8	34.3	100
Жынысы	1	2	3	4	5	БАРЛЫҒЫ
F 4.1 Жұмыс іздеуде						
Ерлер	0	1.8	29.2	37.2	31.9	100
Әйелдер	8	2.3	14.8	35.2	39.8	100
F 4.2 Өзіңізге ұнайтын жұмысқа орналасуда						
Ерлер	0	0.9	25.7	45.1	28.3	100
Әйелдер	6.8	1.1	13.6	37.5	40.9	100
F 4.3 Жұмысқа қажетті дағдыларды игеру үшін						
Ерлер	0	2.7	23.9	42.5	31	100
Әйелдер	8	1.1	13.6	37.5	39.8	100
F 4.4 Қалаған лауазым мен табысқа ие болу үшін						
Ерлер	0	2.7	24.8	43.4	29.2	100
Әйелдер	6.8	2.3	17	33	40.9	100

Дереккөз: Қазақстандағы түлектер арасындағы пилоттық сауалнама. Ескертпе: Дөңгелектеу нәтижесінде пайыздық көрсеткіштер әрдайым 100%-ды құрамауы мүмкін.

4. Қорытындыларды түсіндіру және олардың мүдделі тараптар үшін маңызы

Осы есептің алдыңғы үшінші бөлімінде пилоттық сауалнама нәтижелеріне негізделген егжей-тегжейлі сипаттамалық талдау ұсынылған, ал осы төртінші бөлімде осы қорытындылардың сауалнама мақсаттары және кәсіби дағдылар мен еңбек нарығын дамыту тұрғысынан түсіндірмесі беріледі. Мұнда алынған нәтижелердің маңызы мен құндылығы, сондай-ақ

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

олардың негізгі мүдделі тараптар үшін (мысалы, білім беру мекемелері, директивті органдар, жұмыс берушілер, түлектер) маңызы талқыланады. Сонымен қатар осы қорытындылардың зерттеу мақсаттарымен үйлесімділігі және жоба нәтижелерінің болашақтағы іс-әрекеттер немесе стратегиялар үшін маңызы түсіндіріледі.

4.1. Негізгі қорытындыларды түсіндіру

1-мақсат: Білім беру бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін бағалау (техникалық және кәсіптік білім беру сапасы)

Жобаның басты мақсаты – ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігін және олардың еңбек нарығына сәйкестігін бағалау. Зерттеу барысында әсіресе практикалық оқыту құрамдас бөліктерінің маңызды күшті жақтары анықталды, бұл ретте түлектердің 80,5%-ы өндірістік оқыту бағдарламаларына жоғары қанағаттанушылық білдірді. Бұл компонент түлектерге теміржол жүк тасымалының техникалық секторында аса маңызды болып табылатын практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар респонденттердің оқыту сапасына қанағаттануы жалпы алғанда жоғары деңгейде болды (75,6%). «Бурабай» колледжі сияқты оқу орындары оқытушылар құрамының кәсібилігі мен колледждің техникалық жабдықталуы бойынша ерекше жоғары баға иеленді.

Алайда оқу орындары арасында сапа тұрғысынан елеулі айырмашылықтар байқалады. Мысалы, Электротехникалық колледж техникалық жабдықталу және білім беру бағдарламаларының өзектілігі көрсеткіштері бойынша тұрақты түрде төмен бағаланды. Бұл барлық колледждердің теңдей оқу жағдайларын қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. Мұндай колледждердің түлектері еңбек нарығына дайындықтың төмен екенін айтып, бұл олардың жұмысқа орналасу және мансаптық өсу мүмкіндіктерін шектейтінін атап өтті.

Жалпы алғанда, бұл нәтижелер «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша кейбір мықты оқу орындары еңбек нарығының талаптарына сай келетін мамандарды дайындай алатынын көрсетеді. Ал басқа оқу орындары қолдаудың жетіспеушілігінен немесе оқу бағдарламалары мен жоспарлары өзектілігінің болмауынан зардап шегуде. Колледждер арасындағы кәсіптік даярлық сапасының осындай теңсіздігі ТЖКБ жалпы тиімділігін төмендетеді және еңбек нарығына сай жоғары сапалы кәсіптік даярлықты қамтамасыз ету үшін ТЖКБ оқу орындарына арналған стандарттарды әзірлеудің маңыздылығын айқындайды.

2-мақсат: Мансап және жұмыспен қамтылуды талдау

Зерттеудің екінші мақсаты ТЖКБ жүйесінің түлектерді ең оңтайлы жұмысқа орналасуына қалай қолдау көрсететінін бағалау болды. Пилоттық сауалнама нәтижелері бойынша түлектердің 71,1%-ы алты ай ішінде жұмысқа орналасты, бұл жұмысқа орналастыру көрсеткішінің салыстырмалы түрде жоғары екенін және бұл олардың алған білімдерінің еңбек нарығына шығуға ықпал ететінін көрсетеді. Дегенмен тек 22,5%-ы өз мамандықтарына сәйкес жұмыс тапты. Бұл ТЖКБ еңбек нарығына шығуға мықты негіз қалағанымен, колледждердің білім беру бағдарламалары әрдайым түлектердің лауазымдары мен міндеттеріне сәйкес келмейтінін білдіреді.

Сонымен қатар алған білім мен еңбек нарығының талаптары арасындағы сәйкестік біліктілікке байланысты айтарлықтай өзгереді. «Жүк және багаж қабылдаушы мен тапсырушы» сияқты мамандық түлектері өз мамандықтарына сәйкес ең жоғары жұмысқа орналасу деңгейін көрсетті;

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

олардың 80%-ы алған білімдеріне сәйкес жұмысқа орналасты. Ал, керісінше, «Станциялық бекет кезекшілері» мен «Жүктерді тасымалдауды ұйымдастырушы техниктер» тиісті жұмысты табуда үлкен қиындықтарға тап болды және көптеген түлектер өз мамандықтарына қатысы жоқ салаларда жұмыс істейді. Мұндай сәйкессіздік еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап ретінде оқу бағдарламаларын үнемі жаңартып отыру қажеттілігін көрсетеді, бұл ТЖКБ-ның өзектілігін сақтап, түлектерге мансаптық өсу мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, көбінесе дуалды бағдарламаларды аяқтаған түлектер жұмысқа сәтті орналасады, яғни өндірісте қажетті практикалық тәжірибе мен дағдыларға ие болған түлектер жұмысқа тезірек орналасады. Дуалды білім беру еңбек нарығына жылдам шығуды қамтамасыз ететін маңызды фактор болып көрінеді, сонымен қатар түлектердің бастапқы жалақысы жоғары болады.

Зерттеу нәтижелері респонденттер арасында, әсіресе ерлер мен әйелдер арасында, белгілі бір жұмысқа орналасу үрдісін анықтаған. Әйел респонденттерінің 72,7%-ы еңбекке тартылу деңгейінің жоғары нәтижесін көрсетті, ал ерлердің бұл көрсеткіші 69,9% болды, бірақ ерлер өзін-өзі жұмыспен қамтуға жақынырақ (әйелдер - 7,1%, ерлер - 5,7%). Сонымен қатар ерлер, қосымша біліктілік еңбек нарығында мансапты дамыту үшін немесе басқа салада қажет деп санайтындықтан, көбінесе қосымша білім алады.

3-мақсат: Түлектердің алған техникалық және кәсіптік білімге қанағаттанушылығы

3-мақсат: түлектердің алған техникалық және кәсіптік білімдеріне қанағаттанушылығын бағалау, олардың пікірлері бойынша күшті жақтар мен жетілдіруді қажет ететін салаларды анықтау. Түлектердің қанағаттанушылығы оқу орнына байланысты айтарлықтай өзгереді. Мысалы, ең жоғары қанағаттанушылық деңгейі «Бурабай» колледжінің түлектері арасында байқалады: олардың 81,6%-ы жоғары сапалы техникалық жабдықтау мен оқу бағдарламаларының еңбек нарығына сәйкестігіне байланысты сол колледжді қайта таңдар еді, бұл олардың кәсіби үміттерінің орындалуына ықпал етеді. Ал, керісінше, Электротехникалық колледждің тек 20% түлектері өз оқу орындарын қайта таңдар еді, олардың қанағаттанбауы, соның ішінде, ескі жабдықтар мен білімнің нақты жұмыс талаптарына сәйкес келмеуімен байланысты.

Жалпы алғанда, түлектердің қанағаттанушылығына байланысты ең жиі кездесетін себептер – жоғары сапалы жабдықтау, оқытудың сапасы және кәсіби бағдар беру бағдарламалары, ал қанағаттанбаушылықтың басты себептері ақталмаған үміт пен білімнің еңбек нарығы талаптарына сай келмеуі болып табылады. Сонымен қатар көптеген түлектер өздерінің ТЖКБ жүйесінде алған білімін аралық кезең ретінде қарастырады, ал 8,5% респонденттер колледжді бітіргеннен кейін білім алуды жалғастыруға деген ниеттерін білдіруде. Әртүрлі колледждер мен мамандықтар арасындағы қанағаттану деңгейінің айырмашылығы көрсеткендей, бір оқу орындары студенттеріне кәсіби білім алу жағынан пайдалы тәжірибе ұсына отырып, басқалары өздерінің материалдық-техникалық базасын, оқыту әдістемелерін және білім сапасын студенттердің мансаптық мақсаттары мен үміттеріне сай жетілдіру қажет. Осы күтілімдерді қанағаттандыру ТЖКБ жүйесінде студенттерді ұстап қалу және түлектердің жоғары қанағаттанушылығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды, бұл өз кезегінде ТЖКБ-ның беделі мен тартымдылығына оң әсер етеді.

Жалпы алғанда, сауалнама деректерін талдау нәтижесінде қанағаттанушылық пен еңбекке орналасу көрсеткіштеріне әсер ететін негізгі фактор – колледждерде кәсіптік бағдар беру және еңбекке орналасуды қолдау бағдарламаларының болуы болып табылады. Кәсіптік бағдар беру

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

бағдарламаларын оқыған түлектерге мамандығы бойынша сәйкес жұмыс табу жеңіл болған, себебі бұл бағдарламалар арқылы олар қажетті жұмыс берушілермен байланыс орната алды. Кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын тұрақты түрде ұйымдастыратын колледждер, оған жұмысқа орналасу мәселелері бойынша кеңес беру, түйіндеме жазу және байланыс орнату тренингтерін қосатындар, түлектерінің өз мамандықтары бойынша еңбекпен қамтылуы мен жұмыстан қанағаттанушылық деңгейі жоғары көрсеткіштермен ерекшеленеді.

Түлектер арасында жүргізілген пилоттық сауалнама кәсіптік бағдар берудің студенттерді қызметіне жеңіл өтуге дайындауда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді, себебі ол оларға еңбек нарығында бағдарлануға және мансап жолын таңдауда саналы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін құралдарды ұсынады. Кеңірек қарастырғанда, барлық ТЖКБ колледждерінде кәсіптік бағдар беру қызметтерін күшейту түлектерге лайықты және жоғары жалақылы жұмыс табуға мүмкіндік береді және Қазақстан экономикасы мен көлік секторының дамуына маңызды үлес қосады.

4.2. Сауалнама нәтижелерінің мүдделі тараптар үшін маңызы

Сауалнама нәтижелері мүдделі тараптардың күш-жігерін біріктіру қажеттілігін көрсетеді. Бұл пилоттық зерттеу нәтижелері «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» білім беру бағдарламасы аясында ТЖКБ мекемелерінің өзектілігі мен тиімділігін арттыру, оқыту әдістері мен курстардың мазмұнын жетілдіру үшін мүдделі тараптардың бірлескен жұмысының маңызды екенін атап көрсетеді. Заң шығарушылар сенімді тетіктер мен құрылымдарды құруға назар аударуы керек. Бұл тетіктер тек салалық стандарттарды бекітіп қана қоймай, сонымен қатар ТЖКБ колледждері, жұмыс берушілер және еңбек нарығының басқа да мүдделі тараптары арасындағы әріптестікті нығайтуға ықпал етеді.

Мұндай ынтымақтастық ТЖКБ бағдарламаларының нақты сұранысқа сай болуын қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл түлектердің жұмыспен қамтылуын және олардың еңбек қызметіне қанағаттану деңгейін арттырады. Сонымен қатар қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру және жаңа икемді бағдарламаларды ілгерілету арқылы, сондай-ақ қайта даярлау және біліктілікті арттыру бастамаларын енгізу арқылы ТЖКБ колледждері теміржол саласындағы және одан тысқары жерде еңбек нарығының қарқынды өзгеріп жатқан жағдайларына бейімделу қабілетін айтарлықтай арттыра алады. Келесі тарауда қажетті өзгерістерді ынталандыру мақсатында саясат пен стратегия бойынша нақты ұсыныстар мен мүдделі тараптарға арналған практикалық ұсыныстар беріледі.

5. Ұсыныстар

5.1. Саяси ұсыныстар

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы аясындағы ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін арттыруға бағытталған келесі негізгі ұсынымдар ұсынылады.

ТЖКБ бойынша салалық стандарттарды әзірлеу және енгізу

Барлық оқу орындарында сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін ТЖКБ бағдарламаларының бірыңғай сапа стандарттарын әзірлеу және енгізу керек. Бұл стандарттар еңбек нарығының талаптарын, оның ішінде тек кәсіпорындарды ғана емес, жұмыс іздейтін халықтың кең ауқымын да қамтуы тиіс. Осылайша, директивті органдар мен заң шығарушылар ТЖКБ мамандықтарының беделі мен сенімділігін арттырып, оқыту нәтижелерін, түлектердің үміттерін және еңбек нарығының шынайылығын үйлестіруде ықпал ете алады.

Дуалды оқыту мүмкіндіктерін арттыру

Түлектерді еңбек нарығына даярлауда дуалды оқыту бағдарламаларын одан әрі дамыту, теориялық сабақтарды өндірістегі тәжірибемен ұштастыру маңызды. Дуалды бағдарламалар студенттерге теориялық білімдерін нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді, бұл олардың кәсіби дағдыларын әрі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады. Заң шығарушылар колледждер мен кәсіпорындар арасындағы серіктестікті қолдап, дуалды бағдарламаларды әзірлеу кезінде оқу бағдарламаларының еңбек нарығының қазіргі талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуі тиіс, сондай-ақ студенттерді нарықтың динамикасымен таныстыруы керек.

Кәсіби бағдар беру бағдарламаларын жетілдіру

Кәсіптік бағдар беру бағдарламалары студенттерге білім мен мансап таңдауында саналы шешім қабылдауға көмектеседі. Жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін енгізу немесе кеңінен көрсету студенттерге өздерінің қабілеттері мен қызығушылықтарына сай еңбек нарығындағы мүмкіндіктерді табуға көмектеседі. Жоғары сапалы кәсіптік бағдар беру бағдарламасы студенттерді еңбек нарығына шығу стратегиялары, түйіндеме жазу және жұмысқа орналасу бойынша жеке кеңестермен қамтамасыз етуі тиіс, бұл түлектердің оқу мен жұмыстың арасындағы өтпелі кезеңін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамту көрсеткіштерінің артуын ескерсек, кәсіби бағдар беру бағдарламаларына кәсіпкерлікті оқыту да енгізілуі мүмкін.

Түлектер арасында жүйелі зерттеулер/сауалнамалар жүргізу

Еңбек нарығы талаптарының үнемі өзгеріп, ТЖКБ-ның икемді болуы талап етілетіндіктен, ТЖКБ түлектерін бақылау және зерттеу жүйесін құру ТЖКБ-ның тиімділігін, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін және олардың мансап жолын жүйелі және тұрақты түрде бақылауда өте

Аналитикалық есеп

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі

маңызды. Түлектерді бақылау және зерттеу жүйелері⁵ оқу орындары мен ТЖКБ бағдарламаларын үздіксіз жетілдіруге қажет ақпаратты қамтамасыз етіп, олардың еңбек нарығының сұраныстарына сай болуын қамтамасыз етеді.

Мүдделі тараптар арасында ынтымақтастықты нығайту.

Министрлік, оның ведомстволары, ТЖКБ оқу орындары, жұмыс берушілер, әлеуетті студенттер және еңбек нарығының қатысушылары арасындағы серіктестік қатынастарды нығайту оқу жоспарлары мен бағдарламалардың өзектілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады. Заң шығарушылар тиісті мүдделі тараптар арасында тұрақты диалог алаңдарын құру қажет, бұл өз кезегінде ТЖКБ басқару барысын жеңілдетеді. Мұндай ынтымақтастық еңбек нарығының динамикасын тереңірек түсінуге және ТЖКБ бағдарламаларының нарықта талап етілетін дағдылар мен біліктіліктерге сай болуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Оқыту бағдарламаларын тұрақты түрде қайта қарау

ТЖКБ оқу бағдарламаларын тұрақты түрде қайта қарап, еңбек нарығындағы өзгерістер мен жылдам дамып келе жатқан технологияларға сәйкес болуын қамтамасыз етуде аса маңызды. Бұл процесс үшін еңбек нарығының негізгі қатысушыларымен тығыз ынтымақтастық қажет. Сарапшылар, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілердің пікірлерін ескере отырып, заң шығарушылар ТЖКБ бағдарламаларының сұранысқа ие дағдылар мен кәсіби қабілеттерге сәйкес болуын және студенттерді табысты мансапқа дайындауын қамтамасыз етеді.

Мақсатты қаржыландыру бастамалары

«Теміржол көлігінде жүк тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша ТЖКБ бағдарламаларына мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз ету, жоғары білім сапасы және мүдделі тараптармен ынтымақтастық ұстанымын ынталандыруда маңызды. Заң шығарушылар нарық қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеп, түлектердің қанағаттануын арттыру үшін белсенді түрде ынтымақтасатын оқу орындарына немесе ТЖКБ бағдарламаларына арнайы ресурстар бөле алады. Қаржыландыру бастамалары оқу бағдарламаларын әзірлеуге, техникалық жабдықталуды жақсартуға және кәсіпорындармен серіктестікті дамытуға арналған гранттық қолдауды қамтуы мүмкін. Директивті органдар, келешегі зор бағдарламаларға ресурстар бағыттай отырып, ТЖКБ сапасының елеулі түрде жақсаруына ықпал ете алады.

ТЖКБ беделін көтеру

Теміржол көлік саласындағы «Теміржол көлігінде жүк тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» білім беру бағдарламасына көп студент тарту үшін осы саладағы мамандықтың беделін арттыру қажет. ТЖКБ түлектерінің жетістіктері туралы әңгімелерді көпшілікке тарату, мансап жолында өсу мүмкіндіктерін көрсету, сондай-ақ қазіргі еңбек нарығында қайта даярлау мен біліктілікті арттырудың маңыздылығын атап өту қажет. ТЖКБ-ны

⁵ ETF. Түлектер арасындағы сауалнама: Білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау. Мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://www.etf.europa.eu/en/publications-and-resources/publications/tracer-studies-evaluating-impact-training-programmes>

«Орталық Азияда дағдылардың сұранысын болжау құралдары және тәжірибе алмасу» бағдарламасының 2-кезеңі көлік саласындағы тұрақты мансап жол насихаттау оның маңыздылығын арттырады және көпшілікті техникалық және кәсіби білім таңдауға ынталандырады.

5.2. Мүдделі тараптарға практикалық ұсыныстар

Төменде ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігін арттыру мақсатында ТЖКБ оқу орындары, жұмыс берушілер және мемлекеттік мекемелер жүзеге асыра алатын нақты іс-шаралар ұсынылған. Бұл стратегияларды іске асыру барлық мүдделі тараптардың бірлесіп жұмыс істеуі мен қабылданған міндеттемелерге адалдығын талап етеді. Аталған стратегияларды жүзеге асыру мүдделі тараптардан ынтымақтастық пен өз міндеттемелерін орындауға деген жауапкершілікті талап етеді.

ТЖКБ оқу орындарына ұсыныстар

1. ТЖКБ оқу орындары дуалды оқыту бағдарламаларын енгізуге басымдық беруі қажет, мұнда дәріс сабақтары өндірістік тәжірибемен үйлеседі. Оқу орындарын жаңғырту және студенттерге заманауи жабдықтар мен ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету еңбек нарығының нақты жағдайларын бейнелейтін оқу ортасын құру үшін қажет. Бұл тек білім беру сапасын арттырып қана қоймай, студенттерді болашақ жұмысында тікелей қолдануға болатын практикалық дағдылармен қамтамасыз етеді. Жергілікті кәсіпорындар мен өнеркәсіп салаларымен тығыз серіктестік қатынастарды дамыту арқылы ТЖКБ колледждері өз студенттерінің құнды тәжірибе мен білім алуын қамтамасыз етіп, олардың еңбекке қабілеттілігі мен жұмыс нарығына дайындық деңгейін арттыра алады.
2. ТЖКБ колледждерінде кәсіби бағдар беру бағдарламаларын жетілдіру студенттердің еңбек нарығындағы өзгерістерге икемделуіне ықпал етеді. Жұмыс нарығы туралы өзекті деректер мен жұмысқа орналасу бойынша жеке кеңестер беру арқылы студенттер кәсіби бағыттарын саналы түрде таңдай алады. Колледждерге жұмысқа орналасу бойынша мамандарды даярлауға және мансаптық қызметтердің тиімділігін арттыруға қолдау көрсету аса маңызды.

Жұмыс берушілерге:

3. Көлік секторының жұмыс беруші кәсіпорындарына «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» білім беру бағдарламасы аясындағы ТЖКБ оқу жоспарларын әзірлеуге белсенді қатысу қажет. Бұл түлектердің құзыреттерін еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Қазіргі және болашақта қажет кәсіби дағдылар туралы ақпаратпен бөлісу арқылы жұмыс берушілер ТЖКБ оқу орындарына сәйкес бағдарламаларды әзірлеуге көмек көрсете алады. Мұндай ынтымақтастық кәсіби дайындығы жоғары түлектерді даярлауға ықпал етіп, жұмыс берушілердің кадрларды іріктеуге жұмсалатын шығындарын азайтады.
4. Студенттердің практикалық тәжірибесін арттырып, жұмысқа дайындығын жақсарту үшін оларды өндірістік практикадан өту және тағылымдамамен қамтамасыз ету аса маңызды. Жұмыс берушілер түлектердің бар дағдылары мен еңбек нарығындағы қажетті құзыреттер арасындағы айырмашылықты азайтуда маңызды рөл атқара алады.

Оқу-ағарту министрлігі:

1. Оқу-ағарту министрлігі ТЖКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігін арттыруға бағытталған осы ұсыныстарды іске асыру үшін ресурстар мен жұмыс күшін қамтамасыз ету қажет. Бұған қаржы бөлу, тиісті мекемелер мен еңбек нарығындағы мүдделі тараптар арасында серіктестікті нығайту, сондай-ақ ТЖКБ мекемелерінде озық тәжірибелерді насихаттау кіреді.
2. Колледждер, кәсіп, қоғамдық ұйымдар және басқарушы органдар арасында тұрақты ынтымақтастық алаңдарын құру өзекті мәселелерді бірлесіп шешу үшін маңызды. Министрлік басқа тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып, диалог пен ынтымақтастықты дамыту мақсатында форумдар, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыра алады. Бұл мүдделі тараптарға үздік тәжірибелерді бөлісуге және ортақ мәселелерге шешім табуға мүмкіндік береді.
3. ТЖКБ бағдарламаларының нәтижелілігін анықтап, жетілдіруді қажет ететін бағыттарды айқындау мақсатында тұрақты мониторинг және бағалау жүйелерін енгізу маңызды. Мемлекеттік органдар бұл үшін негізгі тиімділік көрсеткіштерін әзірлеп, түлектер мен жұмыс берушілердің пікірін жинап, шарттар мен тәжірибеге қажетті түзетулер енгізуі қажет.

6. Қорытынды

Жүргізілген пилоттық зерттеу/сауалнама Қазақстанның теміржол жүк тасымалы саласындағы ТжКБ бағдарламаларының тиімділігі мен өзектілігі туралы маңызды ақпарат ұсынады, білім мен еңбек нарығы талаптары арасындағы үйлесімділікті арттыру қажет болатын негізгі салаларды айқындайды. Бұл пилоттық сауалнама болашақта түлектер арасында ұқсас жүйелі зерттеулер жүргізу үшін негіз бола тұра, дайын үлгі ретінде де қызмет етеді. Зерттеудің жан-жақты әдіснамасы түлектерді бақылау және зерттеу жүйелерінің маңыздылығын көрсетеді, бұл білім беру нәтижелілігін бағалап, жетілдіруді қажет ететін салаларды анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ ТжКБ жүйесін одан әрі дамытудың дәлелдік тәсілін ұсынады.

Сауалнамада қолданылған жүйелі әдіс ТжКБ жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындауға қажетті деректерді алуда тиімділігін көрсетті. Бұл әдісті құжаттау арқылы пилоттық сауалнама түлектерге арналған болашақ зерттеулерді сапалы әрі нәтижелі өткізуге негіз бола алады. Қазақстандағы еңбек нарығының үздіксіз дамуы аясында ұсынылған әдістемеге негізделген тұрақты түлектер арасындағы сауалнамалар ұзақ мерзімді үрдістерді талдауда, білім беру бағдарламаларының икемділігін бағалауда және жұмыс күшінің өзгермелі талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін түзетулер енгізуде айрықша маңызды болмақ.

Алдағы түлектер арасындағы сауалнамалар бойынша ұсыныстар

Бұл сауалнаманың нәтижелеріне негізделе отырып, Қазақстандағы ТжКБ тиімділігін тереңірек қарастыруды көздейтін болашақ зерттеулер үшін бірнеше маңызды бағыттарды атап көрсетуге болады. Түлектерді ұзақ мерзім бойына бақылау мүдделі тараптарға түлектердің мансаптық дамуын бақылауға мүмкіндік беріп, ТжКБ-ның ұзақ мерзімді әсері туралы жан-жақты мәлімет береді. Сонымен қатар жұмыс берушілердің талаптары, технологиялық өзгерістер, дуалды білім беру жүйесі және кәсіби бағдар беру мәселелерін зерттеу ТжКБ бағдарламаларының еңбек нарығына бейімделуін қамтамасыз ету үшін қажетті құнды ақпарат ұсынады.

Осы пилоттық зерттеу/сауалнама Қазақстандағы ТжКБ жүйесінің еңбек нарығының өзгерістеріне икемділігін қамтамасыз ететін мықты негіз қалыптастырып, түлектердің жұмыспен қамтылу әлеуетін арттыруға және ТжКБ мен еңбек нарығы талаптары арасындағы үйлесімділікті нығайтуға негізделген дәлелді шешімдерге оң әсерін тигізбек.

7. Ақпарат көздері

Еуропалық білім беру қоры, Халықаралық еңбек ұйымы және Cedefop (Еуропалық кәсіптік даярлық орталығы). 2016 жыл. Еңбек нарығы талаптарына кәсіби құзыреттіліктердің сұранысқа ие болуын және үйлесімділігін бағалауға арналған нұсқаулық. 6-шы шығарылым. Сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://www.etf.europa.eu/en/publications-and-resources/publications/carrying-out-tracer-studies-guide-anticipating-and-matching>

Еуропалық білім беру қоры. Етпелі экономикасы бар және дамушы елдерде кәсіби құзыреттіліктердің сұранысын болжау және дағдыларды салыстыру жүйелері. 2012 жыл. Сайттан қолжетімді:

https://www.etf.europa.eu/sites/default/files/m/84E964F6CBD16532C1257AAD0038EC27_Skills%20matching%20systems.pdf

ЕО – ТжКБ құралдары. 2022 жыл. Техникалық және кәсіби білім беру мекемелерінің түлектері арасындағы сауалнамаларды әзірлеу және жүзеге асыруға қолдау көрсету. Сайтта қолжетімді: <https://vettoolbox.eu/publications/tracer-studies-for-vet-supporting-their-creation-and-implementation/>